

13.07.2020

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo



ASTANA



№81 (4050)

Сенбі

11 шілде 2020 жыл

AQSHAMY



Ресейден екі ұшақ дәрі-дәрмек жеткізілді. Азаматтық авиацияның екі борты Мәскеуден 55 тонна медициналық дәрі-дәрмек жеткізді, онда коронавирус инфекциясы мен пневмонияны емдеуге арналған, вирусқа қарсы және дене қызуын түсіретін препараттар, антикоагулянттар мен антибиотик бар.

Енді жуырда Қазақстан дәріханаларына 150 мыңға жуық «Азитромицин» таблеткасы, миллионға жуық «Цефтриаксон», «Тамифлю» препаратының 150 мың пакеті, «Арбидолдың» 50 мың орамасы және арнайы рейстермен келген басқа да қажетті медициналық препарат түседі. Осы борт келесі аптада Үндістаннан да дәрі-дәрмек тасымалдайтын болады.



Елордада инфекциялық төсек-орын төрт есе көбейді. Нұр-Сұлтан қаласында пандемия басталғалы инфекциялық төсек-орын саны 1000-нан 3700-ге дейін артты. Осылайша стационарлар саны 3-тен 13-ке дейін өсті.

Соңғы күндері Ұлттық ғылыми медициналық орталық базасында 240 төсек-орынға арналған инфекциялық стационардың жеке блогы ашылды. №1 көпбейінді аурухана жұқпалы аурулар стационарына толығымен қайта жабдықталған. «Ramada Plaza» қонақүйі базасында 500 қосымша төсек-орын орналасқан. Пневмониямен ауыратын науқастарды емдеумен айналысатын медициналық мекемелердің саны 1-ден 7-ге дейін артты.

Сонымен қатар КВИ анықталған жүкті әйелдер үшін қосымша перинаталдық орталық ашылды. Травматология және ортопедия ФЗИ, Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Green Clinic, Бас әскери клиникалық госпитальда әрбір емханаға тіркелген қала тұрғындары үшін КТ зерттеуін жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ШЕШІМДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысты. Videобайланыс арқылы өткен Үкімет жиналысында коронавирусқа қарсы күреске қатысты қабылданған шаралар, Мемлекет басшысының Үкіметтің алдағы уақытта атқаратын жұмысының негізгі бағыттары бойынша берген тапсырмалары мен міндеттері қарастырылды. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қазақстанда дағдарысқа қарсы күресерлік қаражат жеткілікті екенін жария етті.

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 465.28 \$ USD/KZT 410.7 ₪ RUB/KZT 5.8 ¥ CNY/KZT 58.81

www.astana-akshamy.kz



41870223050016

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ШЕШІМДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Бірінші кезекте дағдарысқа қарсы шешімдердің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек. Жаңа карантиндік шараларды енгізу – экономикадағы ахуалды күрделендіріп жіберуі мүмкін екенін ескеру керек. Үкіметте тиісті жұмыс жоспары болуы тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында.

«Тиісті заңнамалар қабылданды. Сол себепті өңдеу өнеркәсібінің көлемін, құрылыс жұмыстары мен инвестиция көлемін төмендетудің негізі жоқ деп есептеймін. Үкімет жағдайды ретке келтіруі керек» деді ол.

Мемлекет басшысы бірқатар өңір жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес санының қысқаруына жол беріп отырғанын мәлім етті.

«Шағын және орта бизнесті қолдау үшін дағдарысқа қарсы бірқатар тендессіз шара қабылданды. Дегенмен өңірлердің басым бөлігінде жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілері санының қысқаруына жол берілген, мұндай олқылық 8 өңірде орын алған. Ал Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстарында ШОБ саны қатты қысқарып кеткен» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкімет мүшелері мен әкімдіктердің коронавируспен күрестегі жұмысын да сынға алды. «Үкіметтің және әкімдердің қабыл-

данған шараларды түсіндіруінде олқылықтар бар. Олардың қоғам пікірімен тиісті деңгейде жұмыс істей алмай отырғаны байқалды. Бас санитарлық дәрігердің пікіріне ешкім құлақ асқан жоқ. Кәсіби дағды мен ұйымдастыру жұмысы жеткіліксіз болды. Нәтижесінде біз гуманитарлық көмек алып, шетелдік мамандарға кеңестері үшін алғыс айтып отырмыз» деді Мемлекет басшысы.

«Жіберілген қателіктер мен олқылықтарды анықтайтын арнайы комиссия құру қажет. Бұл комиссия қазіргі ортақ жұмысқа кедергі жасамай, тексеріс жүргізіп, маған ұсыныс беруі керек. Қалыптасқан ахуал екі аптадан кейін жақсарады деп үміттенемін. Олай болмаған жағдайда, жалпы Үкіметтің осы құрамда жұмыс істеу мүмкіндігі туралы мәселе туындайды» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы министрлерге, әкімдер мен Президент Әкімшілігі қызметкерлеріне демалысқа шығуға тыйым салды.

«Осымен жаздың жартысы өтті. Министрлер, әкімдер, Президент Әкімшілігінің қызметкерлеріне ешқандай еңбек демалысы жоқ. Өйткені төтенше жағдай орын алып отыр. Демалыс деген сөзді ұмытыңыздар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкіметке жыл соңына дейін халықтың 99,3 пайызын құрайтын 250 мыңнан



аса тұрғыны бар елді мекендерді сапалы интернетпен қамтамасыз етуді тапсырды.

«Қашықтан оқыту әдісіне көшу ісі инфрақұрылым мен интернет сапасына қатысты елеулі мәселелердің бар екенін көрсетті. Мұғалімдердің 20 пайыздан астамы үйлерінде толыққанды интернет пен компьютер жоқ болғандықтан, қашықтан тиімді оқыта алмады. Мектептердің ба-

лансындағы 400 мыңнан астам компьютердің тек 40 пайызы ғана іске жарады. Бұл – әкімдіктер мен министрліктің жұмысының нәтижесі. Әкімдіктер жаңа оқу жылына дереу дайындалып, мектептер мен жекелеген мұқтаж отбасыларды қажетті техникамен жабдықтаулары тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті өзінің екінші Жолдауында экономика-

лық серпінге бастайтын жаңа шараларды ұсынатынын мәлім етті.

«Бүгін біз пандемия кезінде экономикамызды даму жолына шығаратын маңызды әрі осы кезең үшін шұғыл мәселелерді қарастырдық. Дегенмен өзіміздің екінші Жолдауында экономикалық серпінге бастайтын жаңа шараларды ұсынатын боламын» деді Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында.

ҮКІМЕТ ЕСЕП БЕРДІ

» ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин еліміздің 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және экономиканы одан әрі дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Үкімет басшысы жаһандық теріс ықпалдардың аясында биыл бірінші жартыжылдықта Қазақстанның ЖІӨ 1,8 пайызға төмендегенін атап өтті. Бұл ретте экономиканың нақты секторында тұрақты өсім байқалған. Тауарлар өндірісі 4,1 пайызға өскен.

Негізгі драйверлер құрылыс (+11,2 пайыз) және өңдеу өнеркәсібі (+4,8 пайыз) болды, олардың өсімі автомобиль жасау (46 пайыз), фармацевтика (24 пайыз), дайын металл өнімдерін өндіру (20 пайыз), жеңіл өнеркәсіп (8 пайыз), резина және пластмасса бұйымдарының (8 пайыз) және қағаз өндірісі (15 пайыз) есебінен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар тау-кен өндірісі өнеркәсібінде (2,2 пайыз) оң динамика байқалды. Еліміз бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру 7,3 пайызға

өсті. Дегенмен төтенше жағдай режимі мен карантиндік шектеу шараларын енгізу аясында биылғы 6 айда қызмет көрсету секторында 5,6 пайызға төмендеу байқалған. Жылдық инфляция 7 пайызды құрады.

Еліміз бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі көрсеткіштері бойынша орташадан жоғары деңгейдегі өсім Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында қамтамасыз етілді. Қостанай, Алматы, Жамбыл, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында барлық негізгі көрсеткіштердің оң екені байқалды, Батыс Қазақстан, Түркістан және Ақтөбе облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында жекелеген көрсеткіштердің теріс екені байқалды. Қызылорда,

Атырау, Павлодар және Маңғыстау облыстары көптеген көрсеткіштер бойынша орташа республикалық деңгейден артта қалған.

«Қазіргі кезде Үкіметтің негізгі міндеті – коронавирус індетінің және жаһандық дағдарыстың теріс салдарын жою, елімізде жұмыспен қамтуды қолдау. Осы мақсатта ауқымды шаралар қабылданып жатыр» деді А.Мамин.

Үкімет басшысы төтенше жағдай кезеңінде экономиканы тұрақтандыру және тұрғындарды қолдау бойынша жедел және шұғыл шаралардың 2 топмасы (биылғы 23 және 30 наурызда) қабылданғанын атап айтты. 2020 жылдың соңына дейін Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар аясында тұрғындардың іскерлік белсенділігін ынталандыруға, жұмыспен қамтуды және табысын қолдауға бағытталған нақты салалық шаралар іске асырылуда. Жаңа редакциясында 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарды әзірлеу жұмысы жүргізілуде, ол еліміздің орташа мерзімді перспективаға арналған жаңа экономикалық бағытының негізгі бағдарларын айқындайды.

Жұмыспен қамтудың жол картасы мен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында жұмыспен қамтуды қалыптастыру шараларымен 1,2 млн-нан астам азамат қамтылды. Жұмыспен қамтудың жаңа жол картасы бойынша 6,5 мың жобаның 6,1 мыңнан астамы іске асырыла бастады, 146 мың адам жұмысқа орналастырылды. 5,5 мың шақырым республикалық және 4 мың шақырым жергілікті жолдардың құрылысы мен реконструкциясы жүргізілуде. Осы жылдың 6 айында 800 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілері реконструкцияланды, 13,7 млрд теңге сомасына өңірлерді газдандыру бойынша 21 жоба іске асырылып жатыр.

Индустрияландыру картасы аясында биыл отын-энергетика және агроөнеркәсіптік кешендерде, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіпте, құрылыс индустриясында, машина жасау және фармацевтика салаларында 1,1 трлн теңге сомасына 160 жоба асырылып жатыр.

Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19 пайызға 232 млрд теңгеге дейін, қайта өңдеуге 16,6 пайызға 40 млрд теңгеге дейін өсті. Осы жылы ауыл шаруашылығы

дақылдарының жалпы егіс көлемі 22,5 млн гектарға дейін жеткізілді. Биылғы 6 айда ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлеміндегі экспортты 14,9 пайызға, 4,7 млн тоннадан 5,4 млн тоннаға дейін артты. Сумен қамтамасыз етуді арттыру және қалпына келтіру жобаларын іске асырудың нәтижесінде суармалы жерлердің жалпы көлемі 2020 жылғы 1,5 млн га-дан 2022 жылы 2 млн га-ға дейін ұлғаяды.

Қазақстанның жаһандық дата-хаб ретінде дамуы аясында 110 млрд теңгеден астам тартылған инвестициялармен 32 дәстүрлі және 17 ірі тау-кен деректерді өңдеу орталығы салынды. 2024 жылға дейін 633 млрд теңгеге қосымша инвестиция тарту және 2000 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Премьер-министр Үкімет бизнеске салықтық жүктемені жеңілдетумен және бюджет шығыстарын экономикалық белсенділікті қолдауға бағыттап отырып, контрактилді макроэкономикалық саясаты іске асыруды жалғастыратынын атап өтті.

«Үкімет экономиканы тұрақтандыру, жұмыспен қамту деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және халықтың табысын қолдау жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған барлық қажетті шараларды қабылдайды» деді Премьер-министр.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

<p>■ НҰР-СҰЛТАН</p> <p>Елордада «Астана – адалдық алаңы» жобасының менеджерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті жанындағы арнайы мониторингтік топпен және партиялық бақылау комиссиясы мүшелерімен бірлесіп, қаладағы бірнеше дәріханаға мониторинг жүргізді. Бұған азаматтардың дәрі-дәрмектер мен дәріханаларға қатысты шағымдары негіз болды.</p>	<p>■ ШЫМКЕНТ</p> <p>Шымкентте өкпені жасанды желдету аппараты (ИВЛ) шығарылатын болды. Жақын арада әкімдік қолдауымен «Kazmedpribor Holding» ЖШС-інің аппаратын шығару жобасымен үш айдан бері жұмысқа кірісті. Ендігі кезекте қажетті сертификатты алып, аппаратты шығаруды бастамақ. Алдымен қаланы толығымен қамтып, содан кейін еліміздің өзге аймақтарына көмектеспек.</p>	<p>■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ</p> <p>Алматы облысының жедел жәрдем қызметі күнне 3 мың қоңырауға дейін қызмет көрсетеді. Облыс әкімі бригадаларды көбейту туралы шешім қабылдады. Жыл соңына дейін 100 жедел жәрдем көлігін қосымша жеткізу күтілуде. Оның 70-і лизинг арқылы және 30 автокөлік жергілікті бюджеттен алынды. Сонымен қатар, жедел жәрдем көліктеріне өкпені жасанды желдетуге арналған 57 аппарат орнатылды.</p>	<p>■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ</p> <p>Балқаш қаласында құрылысшылар жаңа жылу құбырын төсеуге кірісті. Магистралды желі жылу-электр орталығынан «Қоңырат» шағын ауданына дейін өтеді. Бұл тұрғындардың көп жылғы проблемасын шешуге мүмкіндік береді. 170-тен аса үй сапалы жылумен қамтылады. Жоба екі жылға есептелген, алайда мердігер ұйым нысанды 2020 жылдың соңына қарай тапсырғалы отыр.</p>	<p>■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ</p> <p>Өңірде провизорлық стационарлар жан-жақты дайындалуда. Жалпы, денсаулық сақтау ұйымдарында барлығы 1766 төсек-орын дайындалды. Соның ішінде инфекциялық стационарда 230 төсек-орын, провизорлық стационарда 1346 төсек-орын және карантин стационарында 190 төсек-орын жасақталды. Бүгінде олардың сыйымдылығы 76 пайызды құрап отыр.</p>
---	--	--	--	---

ДӘРІ-ДӘРМЕК КЕРЕГІНШЕ БЕРІЛЕДІ

» Нұр-Сұлтан қаласының дәріханалары апта сайын COVID-19-ға қарсы дәрі-дәрмекпен толықтырылады.



Елорда әкімі Алтай Көлгінов дәріхана желілерінің дистрибуторларымен, фармацевтикалық компаниялар мен дәріханалардың өкілдерімен онлайн-кездесу өткізді. Жиында COVID-19-бен күресу үшін қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, балама дәрілердің тізімін кеңейту, дәріханаларға дәрі-дәрмектерді тарату мәселелері талқыланды.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп,

елге дәрі-дәрмектерді сатып алу және әкелу процедураларын жеңілдету, логистика мәселелеріне қолдау көрсетеді.

– Біз мемлекеттік органдармен бірге дәрі-дәрмек қорын толықтыру бойынша үлкен жұмыстар жүргіздеміз. Біріншіден, сатып алу және әкелу рәсімдері жеңілдетілді. Бюрократиялық мәселелер шешілді. Біз логистика мәселелері бойынша қолдау көрсетудеміз. Екіншіден, тиісті органдар Мемлекет басшысының

тапсырмасымен алыпсатарлықты және бағаны заңсыз көтергендерді анықтау бойынша жұмыс жүргізуде. Қазірдің өзінде 8 адам сот шешімін күтуде. Бірнеше қаптаманы сатып алып, алыпсатарлық жасамау үшін дәрі-дәрмектерді жан басына тарату шектелді – олар емдеу барысында қажет мөлшерде ғана беріледі. Біз нарықтың адал өкілдеріне көмектесеміз, енді сіз өзіңіздің әлеуметтік жауапкершілігіңізді көрсетуіңіз керек. Дәрі-дәрмектердің бағасын көтеруге, алыпсатарлық жасауға болмайды. Сонымен қатар дәрі-дәрмектердің аналогтарын, балама түрлерін сатып алу қажет. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береміз, – деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Фармацевтикалық қызмет өкілінің айтуынша, 10 күннің ішінде елге 2 миллионға жуық парацетамол жеткізіледі, ол дәрілер аймақтарға біркелкі таратылады. Дәріханаларда көптеген дәрі-дәрмектердің аналогтары бар, оларды қосымша сатып алмақ. Сондай-ақ логистика мәселелері шешілген кезде «Іңкәр» ЖШС аптасына екі рет дәріханалар қорын толықтырады. Басқа фармацевтикалық компаниялар да дәрі-дәрмектерді жеткізу көлемін арттырады.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МАСКА ШЫҒАРАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласында медициналық бетперде шығаратын «Bionick-Pro» кәсіпорны ашылды. Өндірісі басталғанына екі апта болған кәсіпорын 1 миллионнан аса бетперде шығарды.

Жаңа кәсіпорын тәулігіне 180000 дана бетперде шығара алады. Қазіргі таңда сұранысқа сәйкес, тәулігіне 80000-нан 120000-ға дейін медициналық бетперде өндіруде. Бұл бетперделер қаланың дәріханалары мен емханаларына жеткізіледі.

Бетперде өндірісі Қытайдан әкелінген автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған екі станок арқылы жүргізіледі. Маталар мен резеңкелер Түркия мен Ираннан жеткізіледі. Мұндағы мамандар Шанхай және

Гуанчжоу қалаларына барып, осы станоктарда жұмыс істеуді арнайы үйреніп келген.

– Маскалар арнайы су өткізбейтін, сапа бақылауынан өткен маталардан жасалады және міндетті түрде үш қабатты болады. Айта кету керек, мақталы, тоқыма маталардан тігілген маскалардың қорғаныш деңгейі төмен болады. Және мұндай маскалар суланады да, микроб жинайды. Сондықтан арнайы спанбонд, мейт-блаун деп аталатын маталардан дайындалатын маскаларды пайдалану

керек. Біздің үшқабатты маскалар осындай маталардан тігіледі және 92 пайыз сыртқы күштерден тыныс алу жолдарын қорғай алады, – дейді кәсіпорын директоры Арон Қадиров.

Жақында өндіріс орны балаларға арналған бетперделер шығаруды бастайды. Сонымен қатар бетперделерді кәдеге жарату жобасын дайындап жатыр. Өндіріс көлемін ұлғайту үшін FFP2/FFP3/KN95 респираторларының қосымша желілерін жеткізуге келісімшарттар жасалды.

АБАЙЛАҢЫЗ, ДЕЗИНФЕКЦИЯ!

» Елордада дезинфекциялық жұмыстар жалғасуда. Адам көп жиналатын орындарды, яғни саябақтарды, тынымбақтарды, бульварларды және өзге де аумақтарды дезинфекциялауға ерекше көңіл бөлініп отыр.



Дезинфекциялау жұмыстары жаяу тәртіпте де, арнайы машиналардың көмегімен де жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ сауда, ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, базарлардың басшылары санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес өз аумағында дезин-

фекция жүргізеді. Қалада барлығы 20 миллион шаршы метрден астам аумақ дезинфекцияланды.

Осы шараларға байланысты қала тұрғындары санитарлық нормаларды қатаң сақтау керек. Маска тағып, антисептиктер қолданып, әлеуметтік қашықтықты сақтаған жөн.

ЖАНАЗА ЖӘНЕ ҚҰДАЙЫ АС

» Индет кезінде бұл рәсімдерді өткізуде қандай талаптар сақталуы тиіс?

COVID-19 ИНДЕТІ КЕЗІНДЕ ЖАНАЗА ЖӘНЕ ҚҰДАЙЫ АС ӨТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

Құрметті отандастар, қадірлі бауырлар!

Елімізді дүрліктірген индеттің қаупі күннен-күнге өршіп бара жатқаны өздеріңізге мәлім. Ауру айтып келмейді.

«Сақтансаң – сақтаймын» демекші, төрткүл әлемге қауіп төндірген дертке немқұрайлық таныту – өзіміз үшін ғана емес, жанымыздағы жандардың өміріне де әсерін тигізеді хақ.

Осы орайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздің мұсылман қауымын жаназа намазы мен құдайы астарға қатысудың келесідей ережесін сақтауға үндейді:

Жаназа намазына қатысты талаптарды орындауға:
– Жаназа намазына бір ғана діни қызметкердің қатысуына;
– Жаназа намазына тек отбасы және жақын тумаларының қатысуына;
– Жаназаға жалпы саны 30 кісіден артық жиналмауға;

– Бойында дене қызуы немесе жөтелі бар кісінің жаназа намазына мүлде қатыспауына;
– Жаназа намазына келуші кісі міндетті түрде санитарлық нормаларды (бетперде тағу, медициналық қолғап кию және екі метрден кем емес арақашықтық) сақтауға;

– Индеттен қайтыс болған мәйітті дәрігердің нұсқаулығына сай жууға;
– Жаназа намазы мен уағыздың жалпы уақытын 5 минуттан асырмауға;
– Жаназа намазы барысында қол алысып амандаспауға;

– Жаназа намазының сабын түзегенде кемінде екі метр қашықтықты сақтауға;
– Қабір басында мәйіт жер қойнына тапсырылғаннан кейін жамағатты тездетіп қайтаруға;

– Жасы үлкен кісілер, денсаулығы нашар адамдар (ер және әйел) және жас балалар жаназа намаздарына қатыспауға;
– Қонақ асын өткізбеуге;
– Жаназадан кейінгі асты өткізбеуге немесе отбасы мүшелерімен шектелуге.

Құдайы астарға (жетісі, қырқы, жүзі, жылы және тағы басқа) қатысты талаптарды орындауға:
– Астарды өткізбеуге немесе отбасы мүшелері, жақын тумаларымен шектелуге;
– Бір ғана діни қызметкердің қатысуына;
– Санитарлық нормаларды (бетперде тағу, медициналық қолғап кию және арақашықтық) сақтауға.

Құрметті жамағат!
Алла Тағала қасиетті Құранда: «Өз-өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмандар» деп ескертеді. Өз өміріміз бен денсаулығымыз – Алла Тағаланың бізге берген аманаты.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің бір өсиетінде адам баласының өзіне де, өзге де зиян келтіруіне қатаң түрде тыйым салған. Шариғатта қандайда жұқпалы аурудың белгісі тараған кезде аурудың етек алуын тоқтатуда карантин қажет екені атап айтылған. Сондықтан қазіргідей көзге көрінбейтін зиянды дерт тараған кезде оның алдын алу – әрбір мұсылман баласы үшін міндет.

Сізге жөтел пайда болып, бойыңызда дене қызуының жоғарылауы байқалса немесе тыныс алу қиынға соққан жағдайда дер кезінде дәрігерге жүгінуге, сондай-ақ қоғамдық орындарға, тіпті мешітке келуді тоқтатып, құлшылықтарыңызды үйлеріңізде орындауға кеңес береміз!

Алла Тағала елімізді, халқымызды түрлі ауру-сырқаудан сақтағай! Әумин!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы



Беттегі суреттер елордадан алынды

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Облысқа Татарстаннан 20-дан аса тәжірибелі маман келеді. Олар науқастарға қарау үшін қосымша жұмысқа тартылған 148 дәрігер мен 197 медбикеке кеңес беретін болады. Өскемен, Семейдегі үш медициналық мекемеде 55 электрондық рентген, 277 реанимациялық орын дайын тұр.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Келес ауданының такси қызметкерлері пандемияға байланысты игілікті істі бастады. Кәсіпкерлер сырқаттанушылар санының күрт көбеюіне байланысты науқастарды тегін тасымалдауда. Жергілікті таксопарк компаниясы ауруханаға көмектесу ниетімен 20-дан аса көлігін еріктілер ретінде босатқан. Мұндай ізгі іс жедел жәрдемге үлкен көмек болып отыр.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қазалылық еріктілер тұрмысы төмен отбасына баспана салып берді. Бұдан бұрын қайырымдылық істерімен көпшілік көзіне түсіп келген еріктілерді төрт балалы жалғызбасты әкенің жағдайы алаңдата-тын еді. Карантин кезінде халыққа көмектесу мақсатында қаржы қорын құрды. Жергілікті кәсіпкерлер тарапынан жиналған 800 мың теңгеге аз қамтылған 55 отбасыға азық-түлік жеткізіп берді.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ШЕТКІ АЙМАҚҚА – ШАҒЫН БАҚ

Жуырда елорданың шеткі аймақтарын дамыту бағдарламасы шеңберінде «Кирпичный» тұрғын алабында жаңа қоғамдық кеңістік ашылып, Жолымбет көшесі бойында шағын бақ пайдалануға берілді. Тиісті жобаға сәйкес бұл маңда футбол алаңы, балалар ойын алаңы салынып, тренажерлер орнатылды, тұрғындар демалатын арнайы орын белгіленді.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Қазіргі кезде бұл елді мекенде 5500-ден астам адам тұрады. Айналасы абаттандырылған шағын бақ тұрғындарға тамаша тарту болды. Жалпы, Байқоңыр ауданында биыл 50 ауланы абаттандыру жоспарланып отыр. Астана күні қарсаңында соның жиырмасында жұмыстар толығымен аяқталды. Соның ішінде «Кирпичныймен» қатар «Казгородок» тұрғын алабында да абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, Таха Хусейн, 15а, 15/3, 15/4 және А.Кравцов, 6, Луи Пастер, 73 мекенжайларында, А.Бараев көшесі, Республика даңғылы, «Жастар» шағын ауданында аулалар абаттандырылды. «Кирпичный» тұрғын алабына қайтып оралсақ, онда жолдарды жөндеу, қоғамдық көлік қатынасы, мектеп мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Байқоңыр ауданының әкімі Нұрбол

Нұрсағатов жақында бұл елді мекенді дамыту жоспарын қалалық мәслихат депутаттарына баяндап берді. Оның айтуынша, тұрғын алаптың жол-көлік инфрақұрылымы 23 көшеден тұрады. Соның 13-іне ғана асфальт төселген. 10 көше жөндеуді қажет етеді. Осы жылы 7 көшеде орташа жөндеу жоспарланып отыр. Соның ішінде Жолымбет көшесінде жұмыс аяқталды. Қайрақты көшесі әлі жөнделіп жатыр.

Қоғамдық көлік қатынасына келсек, тұрғын алапқа қалалық төрт автобус бағдары қатынайды.

– Қазір елді мекеннен «Достық» отбасылық дәрігерлік амбулатория жаққа қосымша бағдар жіберу қажеттілігі туындап отыр. Тұрғын алапта жалпы жеті аялдама нүктесі бар. Оның төртеуінде павильондар орнатылса, үшеуінде мүлде жоқ. Екі аялдамада павильондарды ауыстыру керек. Осы жылы екі жылы аялдама орнатылды, – дейді аудан әкімі.

Тұрғын алаптағы Қамысты және Көксеңгір көшелерін жарықтандыру да қажет екен. Осы екі көшеде жарық жоқ болып тұр. Бұған қоса, бес ауланы жөндеу керек. Бүгіндері Чехоев, 1 мекенжайындағы аула абаттандырылды. Айнатас, Бестөбе көшелерінде де сәйкес жұмыстар жүргізілді.

«Кирпичныйда» №12 балабақша кешені-бастауыш мектеп пен бір колледж жұмыс істейді.

– Кешенге 400-ге жуық бала барады. Бірақ ол 120 орынға ғана шақталған. Оқушылар мұнда 5-сыныпқа дейін ғана оқиды. Кейін басқа мектептерге ауысуға мәжбүр. Осыған байланысты жаңа мектеп салу қажет. Осы мәселені шешу үшін биыл жаңа кешен құрылысы жоспарланған. Қазіргі таңда жерді мемлекет мұқтажы үшін сатып алу жұмысы жүргізіліп жатыр. Содан соң 600 орынға арналған мектепті жобалау бойынша конкурс жарияланады, – дейді Н.Нұрсағатов.



ҚОҚЫСТАН ӨНІМ ШЫҒАРАДЫ

Карантин кезінде еліміздегі көптеген кәсіпкерлік субъектілері жабылып, енді бір бөлігі жұмысын шектеуге мәжбүр болғанда, астанада қолданыстан қалған қоқыстардан қайтадан өнім жасап шығаратын кәсіпорынның ашылуы, даусыз, біз күтпеген қуанышты жаңалық болды.

Дәулет
АСАУОВ

Тұрғындардың күнделікті тұрмысынан шыққан қоқыстардан және түрлі ұйымдардың өндірістік қалдықтарынан қоғам өміріне қажетті әрі пайдалы кішкентай бұйымнан бастап ауқымды жабдықтарға дейін жасауға болады. Оны өркениетті елдердің мысалынан білеміз. Ол, біріншіден, мемлекеттік ресурстардың есепсіз қолданылуына үлкен үнем, екіншіден, аумақтың тазалығына тікелей септігін тигізеді. Сондай-ақ атшаптырым аумақтардың күлтөке полигонына айналуынан құтқарады. Елордада мұндай 6 полигон бар екенін естеріңізге сала кетейік. Мұның бәрі ел экономикасына игі әсер ететіні сөзсіз.

Өкінішке қарай, Қазақстанда қоқыс өндеу ісі дамымаған. Жаңадан ашылған кәсіпорын осы олқылықты ештеп болса

да оңалтуға бағытталған қадамның бірі деп түсінген жөн болар. Кәсіпорын өндіріс қалдықтары мен қоқыстардан қоқыс жәшіктері мен сәкілер шығарады. Бір ғажабы, бұл өнімдер табиғи материалдан жасалған заттарға қарағанда анағұрлым төзімді әрі берік. Күн көзіне желінбейді, аяз-борандарға шыдамды, тіпті отқа да жанбайтын көрінеді. Мұндай сәкілер мен жәшіктерді сындырып, бүлдіру де мүмкін еместей көрінеді. Олардың қаттылығы болаттан да берік. Сондықтан ұзақ уақыт бойы пайдалана беруге болады. Тағы бір айта кетерлігі, экологиялық таза. Мәселенің ол жағын да ескере кеткен жөн.

Кәсіпорынның бөлім басшысы Ерлан Мәмбетовтің айтуынша, қоқыс жәшіктері мен сәкілер полимерден, полиэтилен қалталардан жасалады. Ең алдымен аталған шикізат ұсақталып, оған белгілі мөлшерде құм қосылады. Әлгі ұнтақ арнайы



пеште өртеледі. Пеш ішіндегі шикізат соның нәтижесінде балқытылған көмір түстес қоймалжың материалға айналады екен. Одан кейін ол арнайы қалыптарға құйылады. Сөйтіп жасалатын заттың пішінін келтірген соң, жартылай дайын материал 24 сағат бойы суытылады. Әбден суып, қатқан тактайшалар қолмен өңделеді. Осылайша әбден сүргілген бөлшектер қатталып, қоймаға жіберіледі. Экологиялық сәкі, қоқыс жәшіктерін жинауға қажет жабдықтар сонымен дайын. Бұдан кейін тек тапсырыс беру

рушінің қалауына қарай кез келген мүсіндегі жәшіктер мен сәкіні жинауға болады. Қазір өндірісте 4 адам еңбек етеді.

– Әрине, қай істі болсын бастау оңай емес, әсіресе қазіргідей індет етек жайып тұрған шақта оның қиындығы тіпті еселеніп кетеді десе болады. Кәсіпорынды ашарда біраз кедергілерге тап болдық. Ұйымдастыру ісінде аяққа тұсау болар жайттар керекті. Оның бәрін айта берудің қажеті жоқ, – деп Ерлан Мәмбетов бір қайырып алып, негізгі мәселеге көшті. – Біз

жасайтын өнімдер нарыққа енді келіп жатқаннан кейін оған тосырқау, көз үйрету, адамдардың сенімін арттыру деген сияқты объективті себептер де бар. Біздің тауарға қызығушылық танытқандар ең бірінші оны ұстап, сынап көруі керек.

Карантин кезінде талай адам кірсінен айырылып, екі қолға бір күрек таппай абдырады. Отбасыларын асырап отырған кәсіптерінен қол үзуге мәжбүр болды. Қазіргі күні жұмыс табу көпшіліктің уайымына айналды. Илья Харин осындай ауыртпалық

кезеңде осы кәсіпорынға жұмысқа тұрып кеткеніне шүкіршілік етеді.

– Жұмысқа тұрғаныма көп бола қойған жоқ, 2 апта ғана. Бәрін тез игеріп алдым. Қазір жұмыс табу қиын. Өйткені кәсіпорындар жабылып қалды. Пластик пен полиэтиленді осылай кедергі жаратуға болатынын естіген жұрт осында келіп қалдық қоқыстарын өткізуге өздері ниет білдіруде. Кәсібіміз өрге жүзсе, алдағы уақытта шикізатты қабылдау пунктін ашуға болады. Жұмысымыз көбейеді, табысымыз да артады, – деп үміттенеді ол.

ИНДЕТ ЫРЫҚҚА КӨНДІ МЕ?

» Еліміздегі пандемияға қатысты эпидемиологиялық жағдай санамыздағы және қоғамдағы көптеген құндылықтарға қатысты көзқарасымызды түбегейлі өзгертуде. Медицинамыздың осалдығы әшкере болумен қатар, сала мамандығының мәртебесі де қатар көтерілді. Мемлекеттен күткен көмегін тиісті деңгейде ала алмаған азаматтардың жан айқайында шындық басым. Дегенмен жаңа вирус болғандықтан, онымен күресуде мемлекет олқылықтар жібергеніне қарамастан, елдегі ахуалды реттеуге тырысуда. Көптің ішінде де асыра сілтеушілік, жеке бас қателіктерін Үкіметке артушылық сынды кемшілік жіберетіндер жоқ емес. Өтіп бара жатқан апта елдегі індетті ауыздықтауда ілкі қадамдар жасаумен ерекшеленді.



Наталья ЛАТЫПОВА,
жоғары санатты дәрігер-пульмонолог,
медицина ғылымдарының докторы, профессор:

– Коронавирус инфекциясы кезінде көптеген науқастарда өкпенің төменгі дем алу бөлігінің зақымдануын байқадық. Ал бұған дейін біздің тәжірибеде тек өкпенің жоғары дем алу жолдарының зақымдануы ғана көріп келдік. Төменгі тұсының зақымдануы бұрын өте сирек, бірді-екілі науқастарда ғана кездесетін. Жаңа вирустан сол өзгерісті өте көп көре бастадық. Себебі бұл жерде әдеттегі пневмониядан болатын өзгерістер байқалмайды, вирустық пневмония бактериялық түрінен қатты ерекшеленді. Коронавирустық пневмонияда төменгі дем алу жолдары, өкпенің екі жағы бірдей зақымданып, өкпе тамырларында шағын тромбоздар пайда болады. Қауіпті вирус әдеттегі бактериялық пневмонияда бүлінбейтін жерлердегі жасушаларды көп зақымдайды. Сонымен қатар жаңа вирустық пневмонияның ерекшелігі – оның механизмінде. Ол қанның тұтқырлығын арттырып жібереді. Кішкене тромбоздардың пайда болуы өкпе тамырларындағы қанның қалыпты ағысын бұзады.

Жаһандық дертке шалдыққан қазақстандықтардың жалпы саны 54747 адамға жетті. Өткен тәулікте 1726 адам ауру жұқтырды. Бұл алдыңғы күнмен салыстырғанда 236 адамға аз. 180 адам – елордалық. Дегенмен елордада вирус жұқтырғандар алдыңғы тәулікке қарағанда, керісінше, 60 адамға артқан. Тұмау маусымы күзде болатынына қарамастан, елде жаппай пневмония күшейді. Ол тіпті өткен жылмен салыстырғанда 50 пайызға өскен. ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой осы орайда емдеу мен емдеуге жатқызудың стандарттары, тәсілдері пысықталып жатқанын жеткізді. Бұл індет жұқтырған жұқтырмағанына қарамастан науқастардың бәріне қажет. Дәрі мәселесіне келсек, аталған министрліктің вице-министрі Людмила Бюрабекованың айтуынша, жақын арада фармацевтикалық өндіріс толық іске қосылып, сол арқылы дәрі-дәрмек тапшылығын шешу жоспарлануда.

МАМАНДАР МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕТІН ЖАҢА КОДЕКС

Егемен еліміздің тарихында алғаш рет медицина қызметкерлерінің мәртебесі ҚР Денсаулық сақтау жүйесі және денсаулық туралы

кодекс деңгейінде заңмен бекітілді. 7 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған жаңа кодекс туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі халықаралық ынтымақтастық және стратегия департаментінің директоры Айнұр Айыпханова осылай оң пікір білдірді. Медицина қызметкерлері – басқа уақытта да, пандемия кезінде де азаматтардың денсаулығын қамтамасыз етудегі денсаулық сақтау саласының маңызды ресурсы. Бүгінгі таңда Қазақстанда 250 мыңға жуық медицина қызметкері еңбек етеді. Соның ішінде 72 мың дәрігер, 178 мың орта медициналық персонал бар. 76 пайыз медицина маманы мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейді.

– Пандемия кезінде әлемнің барлық елінде медицина мамандарының жетіспеушілігі қатты сезілді. Қоғам мен Үкімет денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қолдау мен ынталандыру маңыздылығын жақсы түсінді. Елімізде осы бағытта жасалған ең маңызды қадамдардың бірі – осы аптада жаңа кодекстің қабылдануы. Оның ішінде «Медицина және фармацевтикалық қызметкерлер мәртебесі» деп аталатын жаңадан 30-бөлім пайда болды. Бұл тарау медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі

мен ролін анықтайтын және нығайтатын бірқатар баптардан тұрады. Жаңа құжат салаға жаңа тыныс әкеліп, тың серпін берері сөзсіз, – дейді А.Айыпханова.

КОРОНАВИРУС КІМДЕР ҮШІН АСА ҚАУІПТІ?

Бұл туралы бұған дейін жеткілікті деңгейде айтылып жүр. Дегенмен бұл індеттің кімдерге аса қауіп барын Нұр-Сұлтан қаласындағы №4 емхананың дәрігері Ұлбала Өмірәлиевадан сұрап, кеңес алған едік. Оның айтуынша, коронавирустық инфекция кезінде созылмалы аурулардың ішіндегі ең қауіптісі – қант диабеті. Себебі бұрыннан осы дерті бар адамдарда онсыз да қан өздігінен қою болады, тамырлар өзгеріске ұшырайды. Екінші қауіпті дерт – жүрек-қан тамыр аурулары, артериялық гипертония, жүрек талмасы. Үшіншісі – семіздік. Осы аталған аурулар кезінде ең бірінші кезекте зат алмасу процесі бұзылады. Содан қан айналым нашарлайды. Ал коронавирустық инфекциясын жұқтырғандарда көбіне тамырда қанның қоюлануы байқалады. Сондықтан бұл аурулар вируспен күресте кедергі болып, тіпті адамға ажал қауіпін төндіреді. Дерт асқынған кезде тамырда тромб пайда болады. Оны емдеу барысында қазіргі хат-

тама бойынша дәрігерлер амбулаторлық кезеңде фибринолитиктердің таблетка түрін қолданады. Ал стационарлық жағдайда оның екпе түрін пайдаланады. Қанның қозғалысын реттеуге арналған басқа да препараттарды дәрігерлер хаттамаға сәйкес өздері береді. Коронавирус инфекциясын жұқтырғанда бірінші зардап шегетін ағза – ол өкпе. Өкпеге майдың қажеттілігі бар. Ол сурфактант ретінде өкпені қорғайды. Сондықтан адамның ас мәзірінде майдың болуы қажет. Ол қандай да бір жануардың майы, ит майы, қой майы болса да бәрібір, ең бастысы бәрі мөлшерлі түрде болуы керек. Тиісті мөлшерден аспау қажет. Майдың 1 тәуліктік қажеттілігі болса жарайды. Сонда пайдасын тигізеді. Бұл ретте адамның қимыл-қозғалыста болуы да маңызды. Егер өкпеде пневмония, басқа да өзгерістер болып, 4-5 күн температура түспесе, дәрігердің кеңесімен антибиотик тағайындалады. Оны өз бетінше қолдануға болмайды және оның мөлшерін де, қолдану ұзақтығын да тек дәрігер шешеді. Басқа жағдайда тек сұйықтық ішу, витаминдер пайдаланып, ыстығы болса парацетамолмен түсіру керек. Үй жағдайында ем алушыларға бірінші кезекте сұйықтықты көп ішуге кеңес береміз. 1 келі салмаққа 30-50 мл-ден келеді, сонда орташа есеппен бір адам күніне 2,5-3 литрге дейін су ішу қажет. Бұл токсиндерді шығаруға көмектеседі, сонымен қатар қанның қоюланбауына әсер етеді. Екіншіден, тамақтану мәселесі. Жалпы, тамақ арқылы ақуыз, май, көмірсу қорын күн сайын толыққанды алып отыру керек. Соған қоса көкөніс пен жеміс-жидек, С витаминіне бай лимон, ит-мұрын, апельсинді жеуге болады. Бұл ретте науқастың лимон немесе апельсинге аллергиясының болу-болмауы да маңызды. Зімбір шайын ішу туралы айтсақ, бұл өсімдік бұрыннан да қабынуға қарсы ем-дом ретінде қолданылады. Оны қосымша иммунитетті көтеруге пайдалануға болады. Себебі зімбірдің құрамында зат алмасуды жақсартатын элементтер бар, әрі ол – С дәруменіне бай антиоксидант. Үй жағдайында ауруға қарсы қолдануға болады деп жүрген аспирин – ацетилсалицил қышқылы, біріншіден, ыстықты түсіруге және қанды сұйылтуға арналған. Бірақ ол бір адамға жағдай, бір адамға ойық жарасы бар, гастритпен ауыратын пациенттерге оны қалай болса солай қолдануға болмайды. Ал пайдаланған жағдайда онымен ұзақ уақыт өздігінен емделген дұрыс емес. Себебі ол қанның бойындағы тромбты ерітпейді, тек қанның сұйылуына көмектеседі. Кері әсерлері де бар, сондықтан тек дәрігердің тағайындауымен ғана пайдаланған жөн. Аш қарынға ішпеген жөн.

Бетті дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

ДӘРІГЕРЛЕР ЖОҚҚА ШЫҒАРҒАН ЕМ-ДОМДАР

» Коронавирусқа шалдыққандарды емдеудің жаңа хаттамасына сай, дерттің симптомсыз және жеңіл түріне шалдыққандарды үйде емдеу туралы өзгерістер енгізілгені мессенджерлерде қауіпті вирусты қалай жеңуге болатыны туралы кеңестер қаптап кетті. Денсаулық сақтау министрлігі соларға шолу жасай келе, үй жағдайында қолдануға болмайтын, пайдасынан гөрі қауіптілігі басым кейбір ем-дом, кеңестерді жариялады.

– COVID-19 кезінде ас содасымен ингаляция жасаған дұрыс па?

– Дәрігерлер бұған жоқ дейді. Егер сіз ағзаңыздың сілемейлі қабықшасын күйдіріп алып, жағдайыңызды одан сайын ушықтырғыңыз келмесе, мұны жасасаңыз. Себебі дәрігерлердің айтуынша, осы індетпен күресте, әсіресе вирус төменгі дем алу жолдарына түсіп кеткен пневмония кезінде бу терапиясымен емделудің тиімділігі туралы бұған дейін бірде-бір ғылыми дәлелденген факті болған емес. Қызу қатты көтерілгенде, қан қысымы жоғарылағанда, жүрек-қан тамырлары ауруларында, бүйрек қызметінің бұзылуында және ас содасына аллергия болса жылу ингаляциясын жасауға болмайды.

– Коронавирус инфекциясының профилактикасы ретінде сарымсақ пайдалану туралы.

– Сарымсақ қосылған сусындар мен аш қарынға сарымсақ жеу де «антикеңес» сериясына жататын болып шықты. Бұл табиғи антисептиктың микрооқа қарсы қасиеттерінің бар екеніне қарамастан, оның коронавирустен күресте тиімділігі дәлелденбеген. Тіпті сау адамның өзі күн сайын сарымсақ тұнбасын іше берсе, гипертония немесе гипотензияға, қысымның көтеріліп немесе түсуіне, жүрек және бас ауруына шалдығуы мүмкін. Ал қайнатылған сарымсақ суы мен сарымсақ бөлігі асқазан-ішек жолдары аурулары бар адамдарға зиян. Бұл ішектің жұмысын бұзып, қыжылға, бауырдың шаншуына әкеледі.

– Спирт буы вирусты өлтіреді ме?

– Медициналық спирт өкпе ісінуінде көпірікті басуға қолданылатыны рас, бірақ дәрігер белгілеп берген нақты қауіпсіз мөлшерде ғана пайда-

ланғанда. Ішімдік ішу, керісінше, иммундық жүйені қажытып, соның кесірінен вирусты тез жұқтырып алу қаупі күшейеді.

– Коронавирус инфекциясына қарсы өкпе жұмысын жақсарту үшін шар үрлеуге бола ма?

– Бұрын өкпеге тиімді жаттығу ретінде шар үрлеу ұсынылатын. Алайда коронавирустың кезінде шар үрлеу ауруды одан сайын асқындыруы мүмкін, яғни өкпе ұлпаларын жаппай зақымдап, оны әлсіздендіреді. Тіпті шар үрлеу сияқты өкпеге кез келген оқыс күш түсіру өкпе ұлпасын жұртып жіберуі мүмкін, соның кесірінен оның орны ұзақ уақыт қалпына келе алмай қалады.

– Қауіпті вируста хиджама көмектесе ме?

– Жоқ. Коронавирустан емдеуде қан шығару әдісінің тиімділігіне әлі ғылыми дәлел жоқ. Әрі ол қауіпті. Әсіресе, қан қысымы төмен, жүректің созылмалы ауытқушылығы, қан жасушаларының концентрациясы аз, тамырдың кез келген және психикалық ауытқушылықтары бар адамдарға болмайды.

– Антибиотиктер вирусты өлтіре ме?

– Есте сақтаңыз: қауіпсіз антибиотик деген мүлдем болмайды. Дәрігерлердің олардан қашуды кеңес етуіне не себеп? Өйткені симптомсыз және жеңіл түріне шалдыққан адамдарда 80 пайыз жағдайда ағза вируспен өздігінен күресуге қабілетті. Ал антибиотиктерді ұзақ уақыт іше берудің салдарында антибиотикорезистенттік ахуал бой көтереді, вирустар антибиотикті де жеңіп, күш алып кетуі мүмкін. Вирусты инфекцияны антибиотикпен емдеудің еш пайдасы жоқ. Тек ауру асқынған кезде ғана дәрігерлер оны өздері тиісті мөлшерімен жазып береді.



ДЕНДЕГЕН ДЕРТ

Кытайда анықталған коронавирусынан ең қатты зардап шеккен ел – АҚШ.

Джонс Хопкинс университетінің мәліметінше, қазірге дейін елде вирус жұқтырғандар саны 3 миллионнан асып, 132300 адам қайтыс болды. Индеттің асқынуына байланысты елдегі жұмыссыздық деңгейі де жоғарылап, жыл басында жұмыссыздық көрсеткіші 3,5 пайыз болса, сәуірде – 15 пайызға, маусымда 20 пайызға өскен.

АҚШ билігі индеттің асқынуына Қытай мен ДДҰ-ны кінәлап отыр. Атап айтқанда, Қытай әу баста вирус жағдайын жасырып, әлемдік апат тудырса, ДДҰ Бейжіңнің айтқанынан шықпай, коронавирус инфекциясының таралуына немқұрайды қараған және өте баяу әрекет жасаған. Осы жағдайға байланысты АҚШ жақында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан шығатынын ресми түрде хабарлады.

COVID-19 индеті Бразилия мен Үндістанда да өршіп тұр. Бразилияда 1 миллион 716 мың адам индет жұқтырып, 68 мың адам қайтыс болса, Үндістанда индет жұқтырған 750 мың адамның 20 мыңы бақилық болды. Осылайша Үндістан индет жұқтырғандар мен қайтыс болғандардың саны жағынан Ресейден асып түсіп, индет өршіген елдердің алдыңғы үштігіне енді. Дегенмен Үндістан индет жұқтырғандардың санын жасырып отыр деген пікірлер де бар. Кей сарапшылардың айтуынша, 1,3 миллиард халқы бар Үндістанда вирус жұқтырғандар мен одан қайтыс болғандар саны бұдан көп болуы мүмкін деген пікірде. Ал Ресейде 700 мың адам индет жұқтырып, 11 мыңға жуық адам «Ухань обасынан» опат болды.

Мексикада ауруға шалдыққандардың жалпы саны

» «Әлемде коронавирустық пандемия таралу шегіне жеткен жоқ, инфекцияны жұқтырушылар саны әлі артуда. Африкада Эбола безгегімен салыстырғанда коронавирустан көп адам көз жұмды». Бұл туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәлімдеді. Соңғы мәліметтерге сәйкес, әлем бойынша COVID-19 инфекциясын жұқтырғандар 12 миллионнан асып, 550 мың адам осы аурудан қайтыс болды. Индеттің ілмегіне ілінген 6,5 миллион адам сырқатынан айықты. Ал Қазақстанда индет жұқтырғандар саны 54 мыңнан асып, 282 адам қайтыс болды. 35 мың адам емделіп шықты.

275 мыңнан, қайтыс болғандар саны 32 мыңнан асты. Бұл көрсеткіш бойынша Мексика Еуропаның индеттен ең қатты зардап шеккен ел – Испаниядан асып түсті.

Дүние жүзінде коронавирус жұқтырғандар көбейгеннен кейін Еуропаның бірнеше елі жақында вирусқа қарсы күрестің жаңа шараларын жариялады. Грекия, Косово, Испания мен Ирландия аймақ деңгейінде шектеу енгізді, өзге елдерден туристердің келуіне уақытша тосқауыл қойды. Сербия астанасында коронавирус өршіп кеткеннен кейін Грекия бұл елден 15 шілдеге дейін ешкім қабылдамайтынын ескертті. Косовода түнгі жүріс-тұрысқа тыйым салынды. Испания теңіз жағалауындағы 70 мың адам тұратын аймақта локдаун енгізді. Ирландия билігі шетелден келетіндерге карантин шектеуін босаңсыту туралы жоспарын 20 шілдеге дейін ысыра тұратын болды. Ал Франция COVID-19 индетінің екінші толқынына дайындалып жатыр.

Иранда өткен аптада коронавирус пандемиясы басталғалы бір тәулікте бұрын-соңды болмаған өлім көрсеткіші тіркеліп, индеттен 163 адам қайтыс болды.

Аталған елде индет тарағалы бері, ресми мәлімет бойынша, 248 мың адам вирус жұқтырып, 12100 адам қайтыс болды. Өлім жағдайының күрт көбеюіне биліктің сәуірде енгізген бірқатар шектеулерін алып тастағаны себеп дейді мамандар. Шектеу шаралары алынып тасталғаннан кейін халықтың да қырағылығы төмендеп, топтық шаралар өткізу жиілеген, қоғамдық орындарда беттұмшасыз жүргендер көбейіп, санитарлық талаптар сақталмай қалған. Алдағы уақытта индеттің тіпті өршіп кетуінің алдын алу үшін ел президенті Хасан Рухани азаматтардың мемлекеттік мекемелерге беттұмшасыз кіруіне тыйым салды.

Көрші Өзбекстан мен Қырғызстанда да дерт дендеп барады. Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елде коронавирусқа шалдыққандар саны 11259 адамға жетіп, 47 адам осы индеттен қайтыс болған. Осы жағдайға байланысты Өзбек елінде 10 шілдеден бастап карантин шарасы қайта күшейтілді, халықаралық әуе рейстерінің саны екі есе қысқарды. Халықаралық жүк тасымалымен айналысатын жүргізушілер корона-

вирусқа тест тапсыруға міндеттелді. Қырғызстанда 7 шілде күні коронавирустан және пневмониядан 57 адам көз жұмды. Бұл – аталған елде индет таралғаннан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Қырғызстан Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қазірге дейін 112 адам COVID-19 индетінен көз жұмып, 7 мыңға жуық адам индет жұқтырған.

Қазақстанда да индеттің таралуы барған сайын қарқын алып бара жатқаны байқалады. Жағдайдың асқынуына байланысты елде қатаң карантин енгізілгенмен, индет жұқтыру көрсеткіші төмендейтін түрі жоқ. Мәселен, соңғы үш аптада тәулігіне 15000 адамнан индет анықталса, 8 шілде күні елімізде 1962 адамнан аты жаман индеттің инфекциясы табылды. Бұл да біздің елдегі рекордтық көрсеткіш. Өлім-жітім де күн сайын молайып барады. Ресми дерек бойынша қазірге дейін индеттен 282 адам көз жұмды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, соңғы кездері елімізде өкпенің жедел қабыну ауруы (пневмония) да асқынып тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің орынбасары Ажар Финиятқызының айтуынша, өткен 6 айда 98 адам пневмониямен ауырған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 55,4 пайыз көп. Медицина саласының мамандары бұл дертті де коронавирус инфекциясы қоздырып жатқанын айтқанмен, Денсаулық сақтау министрлігі пневмониядан қайтыс болғандарды индеттен қайтыс болғандардың қатарына қосқан жоқ. Тек өкпе қабынуына шалдыққандар коронавируспен ауырғандардан 2-3 есе көп екенін мәлімдеген Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой 2020 жылдың соңғы алты айында өкпе қабыну науқасынан 1172 адам бақилық болғанын айтып, халықты сақтыққа шақырды.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



АҚШ САНКЦИЯ САЛДЫ

АҚШ Қытайдың бұрынғы және қазіргі лауазымды шенеуніктеріне Шыңжаңдағы ұйғыр, қазақ және өзге де мұсылмандарды қудалағаны үшін санкция енгізді. Бұл санкция әлемдік Магнитский заңы аясында енгізілді деп хабарлады АҚШ Қаржы департаменті.

Санкцияға сәйкес, аталған адамдардың АҚШ аумағындағы мүлкі бұғатталады, олармен америкалық компаниялардың және азаматтардың іскерлік байланыс орнатуына тыйым салынады, виза берілмейді.



СЕУЛ МӘРИНІҢ МӘЙІТІ ТАБЫЛДЫ

Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеул мәрінің денесі табылды. Алдын ала мәлімет бойынша, ол өз-өзіне қол салған. 64 жастағы Пак Вонсунның жоғалып кеткені туралы бейсенбі күні кешке мәрдің қызы хабарлаған.

Оның айтуынша, әкесі үйінен шығып кетіп, оралмаған. Ол қызына хат та қалдырып кеткен.

Пак Вонсун 2011 жылы Сеул басшысы болып сайланды. Өткен жылдың шілдесінде ол үшінші рет мэр болып сайланды және заңға сәйкес бұл аталған лауазымдағы соңғы мерзімі еді.



ПАРИЖДЕГІ МУЗЕЙ МҮСІНДЕРІН САТЫП ЖАТЫР

Париждегі Роден мұражайы мүсіндердің қолдан жасалған көшірмелерін сатып жатыр. Өйткені пандемия кесірінен мәдени нысанның шығыны артқан.

Мұражай 1919 жылы ашылған. Былтыр мұнда 570 мың адам келген екен. Олардың көбі – шетелдік туристер. Алайда коронавирусқа байланысты шекаралар жабылғандықтан, биыл келушілердің саны 200 мыңнан аса қоймас деген болжам бар. Француз мүсіншісі Роден көз жұмғаннан кейін мәрмәрдан жасалған жұмыстарының көшірмелерін қолдан қайталап, оларды сатуға рұқсат берген. Енді мұражай соның арқасында шығындарының бір бөлігін жабуға ниетті.



Бетті дайындаған
Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ИНТЕРНАТТАН КЕЙІНГІ ҚАМҚОРЛЫҚ

» Білім министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда Қазақстанда 5 млн бала болса, оның ішінде 26 мыңы – жанары жасты, жүрегі жүдеу бүлдіршіндер, яғни жетім балалар. Ал осы жетім балалардың 78 пайызы қазіргі уақытта қазақстандық отбасыларда патронаттық тәрбиеге, қорғаншылық-қамқоршылыққа алынған. Тек 21 пайызы, яғни 5631 бала жетім балаларға арналған 137 мекемеде тәрбиеленіп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласында қазір қамқоршысынан айырылған 862 жетім бала болса, оның 238-і – 18 бен 29 аралығындағы жастар.

«Бақыт деген – сенің бала күндерің» деген Мұқағали ақынның өлеңін жыр ғып та, ән ғып та айтып жүрміз. Өйткені балалық – таза парак секілді қамсыз, мұңсыз қызықпен өтетін әр жанның ыстық әрі бақытты шағы. Алайда тағдыр тәлкегіне ұшырап, балдай тәтті балалық шағында батпаңдай ауыр мұң арқалап, жанары жауаңданған жәудіркөздер сол бақытты сезініп жүрмегені ақиқат. Үкімет қамқорлығы қанша жерден қайырымды болғанмен, ата-анасының аялы алақанын алмастыра алмайтынның айтудың өзі артық.

Ал енді осы тұста ой таразысына салып көрсек, сол жүздеген жетім балалар бүгінде Үкімет қамқорлығында болып, мектеп бітіргеннен кейін болашақта барар жері, басар тауын қайдан іздейді? Хош, мектеп бітіріп, оқу орында-

рына түскендері жатақханаға жайғасады делік, бірақ ол да небәрі төрт жылға жалғаспай ма? Ал оқуға түсе алмағандарын алда не күтетінін елестетудің өзі қиын. Бүгінде қауіпті вирустан қорғанған халық үйіне тығылды. Ал осындайда панасыз қалған, карантин салдарынан жұмыссыз қалған жетімдердің жайы қалай? Қай уақытта да жұмысқа орнала-су, ең алдымен, белгілі бір жерде тіркеуде болғанын талап етеді. Сонда тағдырдан теперіш көргендерді тағы да толассыз кедергілерден кім құтқарады?

Міне, осы орайда Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен және «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Интернаттан кейінгі және жетім балалар мен ата-анасы-

ның қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу және қолдау» жобасы жолға қойылып, сол жастармен нақты жұмыс басталды. Алдымен жоба шеңберінде әлеуметтік сауалнама жасалды. Сауалнамаға 18 бен 29 аралығындағы 64 жас қатыстырылды.

Алдағы уақытта әлеуметтік көмекке мұқтаж интернаттан кейінгі жастар әлі де сауалнамаға қосылатын болады. Өйткені мектеп бітірген соң жұмыспен қамтылмаған, оқуға орналастырылмаған, тағдыр тәлкегіне түскен балаларды қатал өмір қайта қарсы алады. Бірі жалданып нанын тапса, енді біреулері қылмыстық әлемнің қақпасынан әрі асады. Жанашыр жақыны, тіреу болар тұысы жоқтың үні де естілмей, мұңы да ескерілмейтіні – анық жайт. Бүгінде ата-анасынан айырылғандарға байланысты шешімін таппаған шиеленістер



тіптен көп. Осыны ескерген қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Қазақ тілі» халықаралық қоғамы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы сауалнама барысында кемелеттік жасқа толғандарға тұрғын үй беру мәселесі, жұмыспен қамту, оқуға орналастыру сияқты бірнеше әлеуметтік сұрақтарды қамти отырып, оларға әлеуметтік жағдаймен қоса психологиялық-педагогикалық, құқықтық көмек қажеттігін анықтады. Сауалнамаға қатысушылардың ең жасы 17-де болса, үлкені – 30 жаста. 64,5 пайызы – әйел адам, 35,5 пайызы – ер адам. Білім деңгейлері де әртүрлі. Қызылжылтаны сол, басым пайызы орта

білімнен кейін оқуын жалғастырмаған. Араларында еңбек етуге қабілетті жастар бар, алайда жұмыссыз жүргендері де көп. Өйткені сауалнамаға сүйенсек, 35,5 пайызы жұмыс жоқ десе, 29,9 пайызы жалдамалы, тұрақсыз жұмыста жүргендігін айтып шағымданған. Ал тұрғын үйге қатысты сауалдың жауабы да жартымды емес. Жетім балалардың барлығы дерлік жалдамалы үйде болса, тек 6,4 пайызы ғана жеке пәтерге қол жеткізген. Жатақхана мен жақындырын жағалап күн көріп жүргендер де бар. Сараптап келе, 18 бен 29 жас аралығындағы жетімдердің 87,1 пайызы баспанаға кезекке тұрса, 12,9 пайызының

үй кезегіне тіркелмегені мәлім болды.

Сауалнамадағы қамтылған келесі сұрақ наурыз-сәуір айларындағы еліміздегі төтенше жағдаймен байланысты болды. Сол кезде мемлекет тарапынан көрсетілгені – 42500 теңге көлеміндегі әлеуметтік көмек. Респонденттердің 25 пайызы нақты әлеуметтік көмекті алған, ал жартысынан көбі, яғни 59,4 пайызы әлеуметтік көмекті алмаған. 9,4 пайыз респондент нәтижесін күту үстінде, сонымен қатар жұмыс орнынан да нақты әлеуметтік көмекті алғандар кездесті. Сауалнамаға қатысушылардың аз бөлігі әлеуметтік осал топ ретінде мемлекет тарапынан көмек күтетіндерін жасырмады.

Бұл статистикалық ақпараттар сарапшылардың ең маңызды деп тапқан сұрақтар төңірегінде ғана ұсынылған еді. Алдағы уақытта сұранысқа орай сарапшылар жетім балалар арасында зерттеу жұмыстарын әлі де кеңіте отырып, олардың қызығушылықтары, болашаққа жоспары, қоғамдағы мұқтаждықтары және өзге де қажеттіліктеріне орай ақпарат статистикасын дайындауға мүдделі. Жобаның да негізгі мақсаты – «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп ұлы ақын айтқандай, әр тұлғаны қоғамның белсенді мүшесі болуына үлес қосы.

Бетті дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

Ал жазғы лагерьлерде кезең-кезеңімен демалатыны белгілі. Биыл да Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасы Ақмола облысында орналасқан балаларды сауықтыратын 4 лагерьге 2250 балаға жолдама беруді жоспарлаған еді. Алайда елдегі жаппай таралған вирустан сақтану үшін жазғы лагерьлер жұмысы тоқтап тұр. Десек те жылдағы демалыс дәстүрін енді қашықтан қолға алуға білім ұйымдары белсенді кірісті. Өйткені 90 күндік каникулдың бала үшін маңызы зор. Әсіресе, көпбалалы отбасындағы әр әке мен ананың бас уайымы – осы. Сондықтан Білім басқармасы тарапынан жазғы лагерьлерден бөлек, оқушылар үшін демалыс ұйымдастырудың бағдарламасы бар. Бұл бағдарламаның өзге жылдармен салыстырғанда жөні бөлек. Өйткені бұл жазда балалар жүзбе-жүз кездеспей, ғаламтор арқылы жаздың қызықтарын тамашаламақ. Биыл жазғы кезеңде оқушылардың бос уақытын қамту мақсатында Білім басқармасымен қашықтық іс-шаралар жоспары жасалды.

Жоспар көркемсурет, эстетика, музыка, спорт, техникалық шығармашылық, туризм, өлкетану, экология және т. б. бағыттардағы интернет-байқаулар, челленджер, эсселер және ойын түрінде ұйымдастырылып, өткізіліп жатыр. Негізгі шаралар 1 маусым – Балаларды қорғау күнінде басталып та кеткен болатын. Мысалы, маусым айында интернет-іс-шаралар аясында мынадай қалалық онлайн-конкурстар ұйымдастырылды.

ДЕМАЛЫССЫЗ ДЕМАЛЫС

» Ресми деректерге сүйенсек, жыл сайын Қазақстанда балалар мен жеткіншектердің 91 пайызы жазғы демалысын 11 мыңнан астам түрлі үлгідегі сауықтыру кешендерінде өткізеді екен.

– «Менің спорттық жазғы кезеңім» плакаттар мен суреттер байқауы, «Жаттығумен басталған әр күнің – сәтті күн!» спорттық челленджері, «Спортпен дос болу – денсаулық кепілі» спорт туралы әндер мен өлеңдер байқауы, «Я, ты, он, она – мы спортивная страна!» эсселер байқауы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған «Мен өз құқығымды білемін» балалар шығармашылық байқауы, Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған «Абайдың ізімен» балалар шығармашылық байқауымен қоса, «Барлығы балалар үшін» республикалық онлайн-конкурс та нәтижесіз болған жоқ.

Бүгінге дейін интернет іс-шараларға астана мектептерінен 6 мен 16 жас аралығындағы 532 оқушы қатысқан. Қызықты әрі танымдық жағынан балаларды дамытуда, әсіресе, елордадағы Оқушылар сарайы, балалар музыка мектебі, өнер мектебі, көркемсурет мектебі, шығармашылық, спорт, туризм, өлкетану бағытындағы қосымша білім беру орталықтары белсенді жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ өткізілген іс-шаралар мен олардың нәтижелері Білім басқармасының Instagram парақшасында #ns_bilim_holiday хештегінде орналастырылып келеді, – дейді Нұр-Сұлтан қалалық



Білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бас

маманы Айдын Билалова. Осы орайда елордалық тұрғындармен де қашықтан

тілдесіп, балаларының жазғы демалысы жөнінде пікірлерін білдік.

Алёна ПРИХОДЬКО,

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:

– Қызым М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы «Лимпопо» театрландырылған студия үйірмесіне қатысады. Қазір ол қашықтан өтіп жатыр. Мұғалімі – Анна Петровна. Ұстаздың тапсырмасы бойынша гимнастиканы отбасымызбен жасап, видео жібереміз, балаларға өлең жаттатады. Анна Петровна қашықтан оқытуды сан алуан тәсілдермен түрлендіріп отырады. Сөйтіп театрландырылған студия сабағын қызықты етіп өткізуге барын салады. Әрине, ғаламтордың кейде дұрыс жасам ауы кезінде кемшіліктер болды. Соған қарамастан, әртүрлі жануарлар кейпіне еніп, образдарын өзгертіп, баланы сергітуде керемет тәсілдер қолданады. Біз үйірме жетекшісіне ризамыз. Алайда орталықтың өзіне барып қатысқанға не жетсін! Онда балалар бір-бірімен ойнайды, таласа оқиды, достарын көреді. Ал планшетпен тек үйде отырып қана қатынас жасайды, сол кейде балаға қиын. Бірақ Анна апайымыз бәрін керемет түсіндіреді. Қызымның айтуынша, достарымен планшет арқылы емес, үйірмеде, көшеде кездескен әлдеқайда артық. Жазғы демалыс бұрынғыдай болмағанмен, осылай өтіп жатыр. Баланың іші пыспау үшін ата-ана ретінде өзіміз де атсалысып, жаздың жарқын өтуіне көмектесеміз.

Еркен СҰҢҚАРБЕКОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының
тұрғыны:

– Үш тамаша баланың әкесімін. Үлкен екі балам Назерке Сәбитова (11 жаста) және Нариман Сәбитов (9 жаста) қаладағы №86 орта мектебінің қолдауымен жасалған үйірмелерге (домбыра, бейнелеу, шахмат және қытай тілін оқыту) қатысады. М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы оқытушыларын өте шебер мамандар деп есептеймін. Сабақтан тыс уақытта балаларым өздерінің шеберліктерін көрсетуде. Домбыра үйірмесіне беру себебім – өсіп келе жатқан жас ұрпақ өзінің мәдени тарихын сыйлай білу, ұлттық аспапты қадірлеу және онымен күй шерте білуі талап. Мектепте оқыған кезімде өзім де музыкалық мектепте домбыра сыныбына қатыстым. Сондықтан мұғалімнен кейін балалардың ойнау сапасын жоғары бағалаймын. Енді қазір елдегі карантин жағдайына байланысты М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының ұстаздары сабақты мектепте емес, онлайн режимде өткізуді тапсады. Онлайн режимде топпен сабақ өткізеді. Олардың атқарған істеріне ризамыз. Қазіргі уақытта балалар Өскемен қаласында апасының жанында жер үйде демалып жүр. Сол жақтан онлайн үйірмелеріне қатысады. Демалыс күндері саябаққа барып, жеміс-жидек жинайды. Жыл сайын балалар лагеріне жолдайтынбыз. Ал қазіргі ахуалға байланысты жібермейміз.

қойған жоқ. Әсілі, бұл алаң қалай құбылып (құбылып) аталмады дейсіз?! Әу баста Л.И.Брежнев, сосын Жаңа алаң, кейінірек Республика алаңы... Бірақ көп жұрт 34 жылдан бері осы тарихи жерді Желтоқсан алаңы деп атаудан жалыққан емес. Ілгері күннен үмітті елміз, кім біледі, осы атау да күндердің күнінде ресми түрде бекітілетін шығар.

Мың бояулы қалада «Алматы – алма шаһары» («Алматы – город яблок») деген түрлі-түсті жазулар әр тұстан аңдағайлап көзге ұрады. Жасыратыны жоқ, жүрекке жылы тиетін сөздер, алайда білетіндердің айтуынша, осы ұрандардың жалпы саны аймақтағы алма ағаштарының санынан әлдеқайда көп көрінеді. Әйтпесе Алматыда апорттың бағасы мұнша қымбат болуы мүмкін емес. Бәлкім ол да қисынды сөз шығар.

Жолайрықтағы қоғамның бәріне тән қисынсыздық пен жүйесіздік оңайлықпен жеңіле қоятын кесел емес. Түрлі сарапшылар, әр деңгейдегі философтар мен саясаткерлер ұзақ уақыт бойы буынсыз қызыл тілмен алдап келеді. Саяси, ұлттық, мәдени, діни, сондай-ақ, өркениеттің де әртүрлілігі дамудың негізгі алғышарты екен-мыс. Толеранттылықтан асқан бақыт жоқ! Әсіресе, қит етсе адам құқығы ғана емес, бір жыныстылар мен лесбиянкалардың бір-біріне үйлену құқығын алға тартуға әуес кәрі құрлық – Еуропа осы мәселені езе беруден жалыққан емес. Есесіне, Жерорта теңізінде жылына мыңдап суға батып жатқан босқындарды құтқаруға, жойқын теңізден әуірімдеп өтіп, жағалаудағы лагерлерде он мыңдап жиналып қалған қара нәсілділерге ыстық құшағын аша қояр емес. Бір өкініштісі, біздің барлық қалаларымызға толеранттылықтың «салқыны» тиген. Қала көшелеріне, дүкендердің, сауда орталықтарының атауына, түрлі жарнамаларға көз салсаңыз басыңыз айналары айқын. Қандай жазу жоқ дейсіз бізде?! Кирилицаға негізделген қазақша, латын қарпімен жазылған қазақша, орысша, ағылшын, неміс, грузин, армян, қытай, араб, т.б. жазулары! Қысқасы көзің тұнып, көкірегіңді өксік қысады.

Жаңа коронавирус – COVID-19 келген көктем жолайрықтағы қоғамның рухани жайын одан әрі жүдеу етті. Тіпті дамушы елдер ғана емес, азуын айға білеген алпауыт елдерді де есеңгіретіп, адамдардың бойындағы ең жаман қасиеттерді алға шығарды бұл кесел. Мәселен, Испаниядағы қарттар үйінің барша қызметкерлері ешкімге айтпастан қашып кетіп, бірнеше күннен кейін сол жерге залалсыздандыру жүргізуге келген



Коронавирус келген көктем барша мемлекеттерге экономикалық тұрғыдан орасан зор шығын әкелді. Бұл дағдарысты 1929 жылғы АҚШ экономикасын тұралатқан Ұлы депрессиямен, тіпті, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен де салыстырып жүр көптеген сарапшылар. Әлем экономикалық дағдарыстан 2021 жылдың соңында немесе 2022 жылы ғана айыға алады деседі

әскерилер талай қарттың өлігін тауып алды. Жүре алмайтын қарттардың қаншасы аурудан, қаншасы аштан өлгені әлі күнге жұмбақ.

Ресейдің Краснодар аймағында көршісінің ауласында жиналған адамдарға бір мәжнүн гранат лақтырып, тоғыз адам жараланды. Қазақстан үкіметі жұмысы тоқтаған кәсіпорындарды қолдау үшін азаматтарға 42 мың 500 теңгеден бөлген кезде біздің көптеген қандастарымыздың бойындағы мейлінше жексұрын, ақшақұмар мінездері білініп қалған. Осы кезде айына 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін табыс тауып жүрген екі мыңнан астам адам әлгі ақшаны алуға өтініш берген көрінеді. Қу жетімсіздік-ай, үкімет 42 мыңнан бөлмесе, бұл байқұстар да аштан өлер ме еді?! Ендігі бір аузының тиегі кеткен әйелдер «Бүйтіп берген 42500 теңге құрысын, өздерің де құрыңдар!» – деп байбалам салып, дауысын корона-вирус тұнған көк аспанға жеткізді. Құдай-ау, біреу етінен ет кесіп алғандай құдды бір. Осындайлар қалай ана атанып жүргеніне таңқаласын, балаларына қандай тәрбие берер екен? Қазақстан барша азаматтарға қолынан келген көмегін жасағанына, тіпті, өз басына 42 мың теңге тие қоймаса да, қандастарымыздың көбі сол ақшаға қол жеткізгеніне қуануға болар еді. Әйткені қазақ халқы «Елде болса, ерінге тиеді» деп бекер айтпаған. Бір-біріне жақсылық тілеген. Әрине, өткен уақытты бүгінгі күнмен салыстыруға болмас, бірақ бір-біріне, жалпы елге

жақсылық тілеу, нашарға қамқор болу, «Көппен көрген – ұлы той» деген тәубешілдік ата-бабамыздан жеткен ұлық қасиеттер емес пе еді? Қазақтың шетелге кеткен дәулеттері қандай көмек көрсеткенін кім білсін, Ресей олигархы Әлішер Усмановтың өзбек халқына көрсеткен көмегі аңыз қып айтар үлгі емес пе?!

Әрине, алғашқы коронавирусты әзіл-қалжың ретінде қарастырып, сазгерлеріміз «Коронавирус, кет, кет» деп әндеті, шоу-бизнесінің біраз өкілдері елді осы індеттен аластап, атын шығарды. Қазақ халқында алас жасау, аластау есте жоқ ескі заманнан келе жатқан өзгеше бір ғұрып екені белгілі. Ондай алас жасайтын жандар ары таза, жаны кіршіксіз, кісіге қылдай қиянат жасамаған адам болуы міндетті. Тіпті, садақ оғынан жараланып, хәл үстінде жатқан жауынгердің үстінен асыл мінезді әйел адамды аттатқызып, жанын сақтап қалғаны туралы деректер де бар. Бірақ неге екенін кім білсін, біздің шоу-бизнес өкілдерінің аластағанына үрейлі індет – корона-вирус кете қойған жоқ, керісінше үдей түсті. Мамыр келіп, тәуір болады деп жүргенімізде Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының бірнеше ауылы топан судың астында қалған. Елдігіміздің тағы бір сыналған тұсы осы. Қазақстанның барлық өңірлерінен көмек, тонна-тонна азық-түлік, тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар жөнелтілді, жөнелтіліп те жатыр.

Әсіресе, әлгі Әлішер Усмановтың Мақтаарал ауданындағы апаттан кейін Қазақстанға 5 млн доллар көмек қолын созғанына «әп-бәрекелді!» дейсің еріксіз сүйсініп.

Коронавирус келген көктем барша мемлекеттерге экономикалық тұрғыдан орасан зор шығын әкелді. Бұл дағдарысты 1929 жылғы АҚШ экономикасын тұралатқан Ұлы депрессиямен, тіпті, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен де салыстырып жүр көптеген сарапшылар. Әлем экономикалық дағдарыстан 2021 жылдың соңында немесе 2022 жылы ғана айыға алады деседі.

Яғни, бізді алда талай қиындықтар күтіп тұр деген сөз. Экономикалық қиындықтар әлі талай қайталануы, болуы да заңдылық. Өмір заңы солай. Бірақ қандай қиындық, сынақ болса да, жердің үстіндегі адамдар жақсылықтан, адамгершіліктен айырылмағай деп тілейік.

Жаңабек ШАФАТАЙ, жазушы, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері

■ АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

КӨҢІЛ АЙТУҒА ДА КӨҢІЛ БӨЛСЕК...

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жақында бір танысымыздың туысы қайтыс болды. Елге сыйлы, ағайынға мейірімді азамат еді. Жаназасына көп жамағат жиналыпты. Байқаймын, «торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпесек ұят» деп білетін қазақ салты бойынша қаралы хабарды естігендердің көбі жаназадан қалмай, марқұмның туыстарына көңіл айтып қайтқан секілді. Бір аптадан кейін осы жағдайды айтып телефон шалған танысым: «індет кезінде адам көп жиналмасын деген талапты ешкім ескеріп жүрген жоқ секілді. «Келмей-ақ қойыңдар» деп біз айта алмадық, көңіл айта келгендерге жағдайды түсіндіріп, кері қайтаратын бір азамат шыққан

осындай қысылтаяң сәтте үнсіз жатуы мүлде түсініксіз.

Қалай айтсақ та, қазіргідей жағдайда «бет көріспесек, көңіл айтпасақ ұят болды» деп індетті елемей қоюға болмайды. Әйткені қазір елімізде ауру белгілері жоқ тасымалдаушылар аз емес. Ендеше солардың бірі көңіл айта барып, қайғыдан қан жылап отырғандарға індет жұқтырып, қазаның соңы қазаға жалғасса кім кінәлі?! «Бет көрісіп көңіл айтқанымыз дұрыс па? әлде біреудің өмірін, өзіміздің тағдырымызды ойлағанымыз дұрыс па?! «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» дегендей, жұрт жапырылап барып, көңіл айтқанда, өлген адам қайта тірілмейді. Керісінше көңіл айтамыз деп жүріп індеттің ілмегіне ілініп, өзгені де, өзімізді де зияндауымыз әбден мүмкін. Сондықтан,



жоқ. Бәрі келіп, қол беріп амандасып, мойнымыздан құшақтап көңіл айтты. Бірақ ағамызды жерлеп қайтқан соң, отбасымыздағылардың түгел ыстығы көтеріліп ауырды да, сап-сау отырған әжеміз де ағамыздың артынан қайтыс болды. Біраз туыстарымыз әлі емханада жатыр. Жаназаға келгендердің де көбі ауырып жатыр деп естідік. Сөйтіп, шұғыл ұстаған жүрек сырқатынан кеткен ағамыздың қазасынан кейін аты жаман індет біздің туыстарымызды да баудай түсірді» деп қыстығып бір жылап алып, сөзін жалғады. «Қазір ауылдарда өлім-жітім көбейіп барады, көңіл айтамыз, топырақ саламыз деп шұбырған жұртты тоқтапаса, бұл індет қайғының үстіне қайғы жамайды екен. Осы мәселені неге журналистер көтермейсіздер?» деп сөз соңында өзіме салмақ салды.

Айтып айтпай, соңғы кездері ауылдарда өлім жиілеп кеткені рас. Біреу қайтыс болса, барып көңіл айтатын әдетін қоймаған қазақтың асқынған індетті елейтін түрі жоқ. Ештеңе болмағандай барып, қаралы жандардың қолдарын алып «алдынан жарылқасының» айтып кетіп жатыр. Алайда, оның соңы жоғарыдағыдай қайғының үстіне қайғы жамап жатқанын көбіне ешкім ескере бермейді. Ауыл басшылары, жергілікті полиция да үнсіз. «Халық қырылмасын, өлінің артынан өлмек жоқ» деп қаралы шаңыраққа басу, шұбырған елге тоқтау айтып жүрген белсенді азаматтар да жоқ. Ал Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығарған үндеулер сөз жүзінен аспай тұр. Осыған қарағанда, қазіргідей індет асқынып тұрған жағдайда өлім жөнелтудің қағидасын тез арада белгілеп, оның атқарылуын жергілікті атқарушы билік бақылаған дұрыс секілді. Әсіресе, ауыл әкімдерінің дәл

біреу қайтыс болды десе (ол індеттен немесе басқа сырқаттан көз жұмса да), жапырылап баруды тоқтату керек. Тек көрші қолаңдары, туыс-туғандары жиналса да жетілікті. Оның өзінде аралықты сақтау қажет. Қол беріп амандасып, құшақтап дауыс (көріс) айтудың індет жұқтыру салыстырмасын арттыра түсетінін ескерген оң. «Беттұмша тақтық» дегенмен, маска індеттен 100 пайыз қорғай алмайды, аралық сақталмаса, санитарлық талаптар ескерілмесе, қолғап пен беттұмшаның да пайдасы шамалы.

Қазір халықтың арасында «әйтеуір жұғады екен, одан да ертерек жұқса, иммунитет қалыптасады екен» деп бейғам жүргендер де бар. Бұл да дұрыс таңдау емес. Себебі бір ауырып тұрсаң қайта індет жұқтырмайсың деген сөз жоқ. Ауырған адамның бәрінде жүз пайыз корона-вирусқа қарсы антитела түзіледі деген бос әңгіме. South China Morning Post-тың жазуынша, қытайлық және америкалық ғалымдар корона-вирусқа қарсы иммунитет пайда болмауы мүмкін деген шешімге келген. Себебі онымен байланысты антиденелер тұрақсыз. Бұл – корона-вирустан жазылып шыққандар оны қайтадан жұқтыруы мүмкін деген сөз. Швеция билігінің індетке қарсы шара қолданбай, тұрғындарда ұжымдық иммунитет қалыптастырмақ болған әрекеті де сәтсіз аяқталды. Демек індеттен сақтанудың жолы әлі де санитарлық талаптарды сақтап, адам көп жерлерге бармай, дұрыс тамақтанып, спортпен айналысып, иммунитетті көтеру.

Дүниені дүрбелеңге салған індетті бүкіл халық жұдырықтай жұмылып, тәртіпке бағынғанда, ал билік өнімді тәсілдер белгілеп, оны заң арқылы қатаң бақылағанда ғана ауыздықтауға болады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ҚОЛЫНДАҒЫ НАЙЗАСЫ – ҚАЛАМЫ

Рас, кешегі өткен Махамбет «Егеулі найза қолға алмай... Ерлердің ісі бітер ме?!» деп жырласа, Мақсоттың қолындағы найзасы – қаламы. Кезінде қоғамның келеңсіз көріністерін әшкерелеп, қаламын оңды-солды сілтеді де. Журналистикадағы жолы облыстық «Орал өңірі» газетінен басталып, кейіннен республикалық «Зерде», «Жалын» журналдарында, «Ана тілі», «Заң», «Түркістан», «Алтын Орда», «Теміржолшы-Железнодорожник» газеттерінде сәтті жалғасты. Егемендіктің елең-алаң шағында еліміздің қазақ тіліндегі алғашқы тәуелсіз басылымдарының бірі - «Аруана» газетін шығарып, бас редакторы болды.

МАҚСОТТЫҢ МЕКТЕБІ

Өзіміздің «Астана ақшамы» газетінде де қолтаңбасы қалды. Бас қаланың бас басылымында жеті-сегіз жыл көлемінде әдеби редактор қызметін атқарып, талай жас журналистің жазуының түзелуіне септігі тиді. Мына пақырыңыз да Мақсоттың мектебінен өткен адамдардың бірі. Өз басым қаламгерден журналистикадағы жанрларды шатастырмауды үйрендім. Стилистика, сөз қолдану жағынан да сабақ алдым.

Бір оқиға есіме түсіп отыр. Астаналық газетке келгеніме көп уақыт бола қоймаған. Бірде белгілі қылқалам шебері Жеңіс Көкенұлының «Сәйгүлік Семантикасы-4» атты көрмесі өтті. Содан көл-көсір әсер алып, мақала жаздым. Тақырыбын өзімше «Жеңістің жанға ой салар жылқылары» деп қойдым. Әдеби редактор түзеп-күзеп, тақырыбын да белінен бір сызып «Қылқалам тартып қазанат-тағдыр желеді» деп өзгертті. Қай журналист жазғанының шимайланғанын жақтырсын, Мақсот ағаға біраз күн өкпелеп жүрдім. Кейіннен ойлап қарасам, түзетулері дұрыс екен. Мен журналистика заңдылығына бағынбай, бөтен сөзді көп қосып, ақпараттық стильден алшақтап кетіппін. Тақырыбын да қарабайырлау етіп қойыппын. Ал Мақсот Ізімұлы соны әдебилендіріп, әдемілеген екен. Кейіннен бұл тақырыпқа суретші Қайрат Жәйірбектің сүйсінгені де бар.

Тағы бірде «Алашорда» партиясына қатысты іс-шара өтті. Соның хабарын жазғанымда спикерлердің бірінің аузынан шыққан Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзін де келтіре кеткенмін. Мақсот аға соның тақырыбын Алаш қайраткерлерінің өз тіліне салып «Милләтқа қызмет ету мінезден» деп қойып, жұтындырып жіберді.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ БАТАСЫ

Айтқандай, Мақсот Ізімұлы Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Жасқайрат ауылында дүниеге келді. Кейіннен бұл ауылға Алаш ардақтысы Халел Досмұхамедұлының аты берілді. Яғни, қайраткер мен қаламгер бір топырақтан түлеп ұшты. Мақсоттың бойында да алаштықтарға тән еркіндік бар. Кімге болсын ойын ашық айтады. Бұл мінезі бала кезінен қалыптасты. «Оқушы болғанда ұстазда-

АҚЫНДЫҒЫМЕН
ҚАТАР БАТЫР-
ЛЫҒЫМЕН АТЫ
ШЫҚҚАН МАХАМ-
БЕТ ӨТЕМІСҰЛЫН
КӨРГЕНДЕР ҚАЗІР
ЖОҚ. ТАРИХИ
ТҰЛҒАНЫҢ КЕ-
СКІН-КЕЛБЕТІН
ҚЫЛҚАЛАМ ШЕ-
БЕРЛЕРІНІҢ ҚИ-
ЯЛЫНАН ТУҒАН
БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ
ҒАНА ЕЛЕСТЕТЕ
АЛАМЫЗ. БЕЛГІЛІ
ЖАЗУШЫ, ЖУР-
НАЛИСТ, АУДАР-
МАШЫ МАҚСОТ
ІЗІМҰЛЫН ЗАМАН-
ДАСТАРЫ МАХАМ-
БЕТКЕ ҰҚСАТЫП
ЖАТАДЫ. СОЛ КЕЗ-
ДЕ ҚАЛАМГЕРДІҢ
СЫРТҚЫ ПОШЫ-
МЫН ҒАНА ЕМЕС,
ІШКІ ӘЛЕМІН
ДЕ ЕСКЕРЕТІН
СИЯҚТЫ.



ІЗІМҰЛЫ ІЗДЕРІ

рымен тең дәрежеде сөйлесіп, кейде пікір таластырып қалатын» дейді балалығын ауылда бірге өткізген досы Зайдолла Ибатов.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дейді ұлы Абай. Бастапқыда ақындық арманмен қанаттанып, өлең жазды. 12-13 жасында «Космонавтар» атты тырнақалды туындысы тура Ғарышкерлердің мерекесінде – 12 сәуір күні газетте жарқ ете қалды. Содан «ақын бала» атанды. ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) «Журналистика» факультетіне де осы арманды арқалап келіп түсті. Бірақ ақын емес, жазушы ретінде жұртқа танылды.

«Бірінші курсқа түскен кезде бәріміз – жиырма бес студент жапатармағай жазатын едік. Кейін Ертай Ашықбаев сияқты арқалы ақындардың қатарында шатпақтап, нашар өлең жазу ұят көрінді» дейді қазір бұл туралы. Ал жазушылық қарымына алғаш сүйсінген адамдардың бірі - «Алтайдың қербұғысы» атанған Оралхан Бөкей.

Оралхан ол уақытта «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. Мақсот болса, «Зерде» журналында жұмыс істейді. Бір әңгімесі атақты жазушының көзіне түсіп, көпке ұзамай әдеби басылымда жарияланады. Сол кезде Оралхан: «Мақсот, сен талантты жазушысың. Журналистиканы қой да, жазушылықпен шындап айналыс» деген кеңес береді.

ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ҰШТАСҚАНДА

Алайда Мақсот журналистика мен жазушылықты ұштастыра білді. Мәселен, облыстық газетте жүргенде «Рация» атты әңгіме жазды. Бұл шығарма мал қыстаудың жайын білу мақсатында совхоздарды аралағанда туды. Сол сапарда қасында «Социалистік Қа-

зақстанның» (қазіргі «Егемен Қазақстан») тілшісі, кейіннен белгілі әдебиетші-ғалымға айналған курстасы Мақсат Тәж-Мұрат болды.

«Зады, прозаға құлықты адам үшін редакциядағы қызметтің пайдасы мен зияны бірдей болуы керек. Пайдасы – көркем шығармаға тамызық болатын оқиғаны қиыннан қиыстырып жатпай, өмірдің өзінен ала қоюға болады. Зияны – тізгінді сәл босаң ұстасан, шығармаға қол үйренген журна-

листік машық ұры мысықтай зып беріп кіріп кеткенін байқамай қаласың. Қаламдас достың облыстық газетте шыққан «Рация» атты әңгімесін сол себепті әрі үміттен, әрі күдіктен отырып қолға алдым. Оқып шықтым да қайран қалдым. Автордың жорымтал, аңдағыштығына... Мақсоттың жазушылық сөз өрнегі аса құнарлы» деп еске алады сол кезді М. Тәж-Мұрат.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ӘЗІРЛЕУДІҢ ШЕБЕРІ

Мақсот Ізімұлы – энциклопедия әзірлеудің де шебері. Студент күнінде қолынан «Көне Қазақстанды көргендер» атты кітап түспейтін. Кейіннен «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында қызмет істегенде осы еңбектің авторы, тарих ғылымдарының докторы, Әлеуметтік және Гуманитарлық ғылымдар академияларының академигі Көшім Есмағамбетовпен танысып, қызметтес болды. Сол кезде ұжым 6 томдық «Қазақстан» энциклопедиясын шығарды. Осы істе Мақсотқа білікті, тәжірибелі энциклопедияшы Көшім Лекерұлы үздік үлгі көрсетті. Сол үлгіні әлі күнге дейін Ізімұлы талай энциклопедия әзірледі. Соның бірі елорданың 20 жылдығына арналған еңбек.

БАСПАГЕРЛІГІ МЕН АУДАРМАШЫЛЫҒЫ

Баспа ісімен де айналысты. «Арыс», «Аманат – таным әлемі» баспаларында бас редактор болды. Қазақ тілінде балаларға арналған танымдық кітаптарды шығару қазір де өзекті болып отыр. Ал Мақсот Ізімұлы осы істі 13-14 жыл бұрын қолға алды. Нәтижесінде академик Асқар Жұмаділдаевтың ұлттық ертегілердің кейіпкерлері арқылы математиканы түсіндіретін, балаларды тапқырлыққа, алғырлыққа

Мақсот Ізімұлы – энциклопедия әзірлеудің де шебері. Студент күнінде қолынан «Көне Қазақстанды көргендер» атты кітап түспейтін. Кейіннен «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында қызмет істегенде осы еңбектің авторы, тарих ғылымдарының докторы, Әлеуметтік және Гуманитарлық ғылымдар академияларының академигі Көшім Есмағамбетовпен танысып, қызметтес болды. Сол кезде ұжым 6 томдық «Қазақстан» энциклопедиясын шығарды. Осы істе Мақсотқа білікті, тәжірибелі энциклопедияшы Көшім Лекерұлы үздік үлгі көрсетті. Сол үлгіні әлі күнге дейін ұстанады



Мақсот Ізімұлы
Атырау облысының
Қызылқоға ауданына
қарасты Жасқайрат
ауылында дүниеге
келді. Кейіннен
бұл ауылға Алаш
ардақтысы Халел
Досмұхамедұлының
аты берілді.
Яғни, қайраткер мен
қаламгер бір топы-
рақтан түлеп ұшты.
Мақсоттың бойында
да алаштықтарға тән
еркіндік бар. Кімге
болсын ойын ашық
айтады. Бұл мінезі
бала кезінен қалыпта-
сты. «Оқушы болған-
да ұстаздарымен тең
дәрежеде сөйлесіп,
кейде пікір таласты-
рып қалатын» дейді
балалығын ауылда
бірге өткізген досы
Зайдолла Ибатов

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫ ҰСТАНУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

» Еліміз өз алдына дербес мемлекет болып, тәуелсіздік алғаннан кейін экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайдан гөрі, ішкі рухани қажеттіліктерге деген сұраныс адамдардың бойынан орын ала бастады. Психологиялық тұрғыдан адамдар арасындағы әлеуметтік дәрменсіздік пен негативті эмоциялардан арылудың жолын іздеудің нәтижесінде деструктивті діни ағымдардың жолына түсуге септігін тигізді. Бұл деструктивті діни ағымдардың діни канондарын саясиландырудағы сәтті кезеңі болып табылды.

Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, түрлі дәстүрлі діни ағымдар мен дәстүрлі емес діни ағымдар көптеп кездеседі. Әр түрлі діни идеялар мен ағымдардың белсенді тарауына рухани «вакуум», яғни өткен кеңестік уақыттан қалған азаматтардың рухани қажеттіліктері, сонымен қатар шетелдік түрлі діни ұйымдардың белсенді әрекеттері әсер етті. Қазақстан халқы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін кез-келген рухани құндылықтар мен идеологияны қабылдауға дайын болды. Осы тұста, Қазақстан аумағында ислам бағытын жамылған діни ағымдардың таралуына қатты әсер етті. Бірақ, Қазақстанның тарихына үңілетін болсақ, Накшбанди мен Яссауи мұрасынан келе жатқан суфизм басым болып келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының діни сауатсыздығы жалпыға ортақ екенін айтып өтуге болады. Сондықтан түрлі исламдық бағыттағы діни ағымдар Қазақстан халқының діни сауаттылыққа үйретуді басты мақсат етіп қойды. Қоғамдық діни ұйымдар және Қазақстанның араб мемлекеттерімен экономикалық байланыстарының дамуы Қазақстандағы діншілдіктің дамуына түрткі болды. Қазақстанның көптеген жас азаматтары Сауд Арабиясы, Египет, Пәкістанда түрлі діни оқу орындарын аяқтады. Қазақстан азаматтарын оқыту үшін түрлі имамдарды, шейхтарды белсенді түрде шақыра бастады. Алайда, бұл миссионерлердің басты міндеті діни-саяси экстремизмді түрлі нұсқада тарату, Қазақстанды таза діни мемлекетке айналдыру болды. Басқа да өз идеяларын таратудың маңызды факторлардың бірі Ресейде өткен түрлі соғыстар барысында, әсіресе Шешенстан мен Дағыстан азаматтары арасында уахабизмді ұстанушылардың белсенділігі артты. Сондай-ақ, Ресейдегі түрлі «шейхтар» Қазақстандағы деструктивті діни ағымдардың дамуына өз ықпалын тигізді. Қазіргі таңда олар адамдардың санасына психологиялық әсер ету мен ақпараттарды заманауи технология (әлеуметтік желілер) арқылы таратып келуде. Сондықтан, деструктивті діни ағымдарды ұстанушыларды оңалту барысында психологиясына, тұлғалық ерекшеліктері мен рухани дүниетанымына көңіл бөлген жөн. Қазақстанда діни ахуалдың ерекшелігі, оның үздіксіз жаңарып отыруында. Діннің таралуы әр қоғамда әртүрлі болады. Сондықтан да, бұл мәселені толассыз зерттеуді қажет етеді.

Психология ғылымында дінді ұстанушылардың тұлғалық ерекшеліктері мен діни психологияның негіздерін З. Фрейд, К. Юнг, Э. Фромм, А. Маслоу, К. Роджерс, В. Франкл, В. Вундт, Т. Рибо, Т. Флурнуа, У. Джеймс, Е. Старбек, Дж. А. Леубаның еңбектерінен көруге

болады. Сонымен қатар, бұл еңбектерде дін психологиясындағы психоанализ, гештальт психология, бихевиоризм, гуманистік психология, діндегі жасерекшелік психологиясы, дінде сенім психологиялық феномен ретінде, діни тәжірибе, діни ұйымдар мен ондағы индивид психологиясы, діни медитация және діндар тұлғалар мен олардың типтері жайлы талдаулар көрсетілген.

Ал, қазіргі кезде дін ұстанушылар арасындағы психологиялық мәселелерді И.С. Кон, В.И. Носович, Ю.М. Орлов, К.К. Платонов, Л.И. Пилипенко, М.Г. Писманов, Д.М. Угринович, И.Н. Яблоков зерттеуде. Зерттеу пәніне сенім, діни мінез-құлық, салт-дәстүрлері және діни сана секілді мәселелер енгізіліп, кең ауқымда қолданыла бастады. Соңғы жылдары деструктивті діни ағымдардың қоғамға адамзат баласына қауіп жоғарылаудың әсерінен бұл мәселеге басты назар аударуды қажет етті. Өткен ғасырда (XX ғасыр) ғалымдар деструктивті діни ағымдардың шығу тегі, тарихы, ерекшелігі, өмірлік ұстанымдары мен салт-дәстүрлерін зерттеумен шектелді (В.Р. Букин, А.И. Клибанов, И.А. Кривелев, Д.М. Угринович). Мысалы, 1960-80 жылдары деструктивті діни ұйымдар қоғамда қазіргі күндегідей отбасының, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бұзылуына алып келетіндей мәселе тудырмаған жоқ.

Дәстүрлі емес діни ұйымдар, олардың іс-әрекеті, қоғамға және адамға әсерін зерттеу ғалымдардың назарында қала береді. Әсіресе, деструктивті діни ағымды ұстанушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әлі күнге дейін жеткіліксіз деңгейде. Кез-келген деструктивті діни ағымдарды ұстанушыларды оңалту және профилактикалық жұмыстарын жүргізерден бұрын, олардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу маңызды. Онсыз оңалту жұмыстары тиімді емес. Мақалаға сәйкес, қазіргі таңда Қазақстанда көп таралған деструктивті діни ағымдардың бірі – дәстүрлі емес ислам бағыты (салафизм) іріктеліп алынды.

Мақсаты: деструктивті діни ағымдарды ұстанушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің пәні болып дәстүрлі емес ислам бағытын (салафизм) ұстанушылардың психологиялық-тұлғалық ерекшеліктері болып табылады. Зерттеуге 21-50 жас аралығындағы 32 дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары қатысты, оның ішінде 17 ер адам және 15 әйел.

Зерттеудің әдісі ретінде: Р.Б. Кеттелдің 16 факторлық тұлғалық сауалнамасы және Л.Н. Собчик бойынша «Индивидуалды типологиялық сауалнамасы» таңдап алынды.

№ 1 тест. Р.Б. Кеттелдің 16 факторлық тұлғалық сауалнамасы (С формасы)

Тест алғашқы рет 1949 жылы Тұлғалық қабілеттерді тексеру институтында (ЖРАТ) жарияланды. 1956-57 ж.ж. жаңадан өңделген нұсқасы екінші рет жарық көрді. 1961-62 ж.ж. дербес әрбір тұлға қолдануға болатын тесттің нұсқасы қолданылып келуде. Кеттел әдісінің С формасы (бейімделген) 1972 жылы ЛГУ әлеуметтік психология кафедрасының Э.С. Чугунова зерттеу тобының бастамасымен жүргізілген. Тесттің теориялық және әдіснамалық негізі – тұлғаға факторлық талдау жүргізу болып табылады. Тесттегі әр фактордың құрылымы тұлғаның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерінің моделін сипаттаумен қатар, оның белгілі-бір өмірлік жағдайдағы шынайы жүріс-тұрысына болжам жасауға мүмкіндік береді.

Кеттел сауалнамасының С формасы 105 сұрақтан құралған. Сауалнаманың нәтижесіне қарай, 16 факторлық тұлғаның ерекшеліктерін анықтаумен қатар, қосымша 17 факторда тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға болады. Р.Б. Кеттел сауалнамасына қатысқан 32 респонденттің интерпретациясы гендерлік ерекшеліктеріне қарай бөлініп, салыстырмалы түрде талдау жасалынды.

А) Дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын ер адамдар бойынша интерпретация:

Сауалнаманың нәтижесіне қарай, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы 17 ер адамның тұлғалық ерекшеліктерінде жоғары деңгейде мынадай факторлар: күмәнданушылық (L факторы) – 15 адам, мазасыздық (O факторы) – 14 адам, эмоционалдылық (Q4 факторы) – 14 адам және доминанттылық (E факторы) көрсетті.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен факторлар: эмоционалды тұрақтылық (C факторы) – 3 адам, эмоционалды сезімталдылық (I факторы) – 3 адам, арманшылдық (мечтательность) (M факторы) – 3 адам, дипломаттық (N факторы) – 4 адам моральды қалыптылық (G факторы) – 4 адам, коммуникативті қабілет (A факторы) – 5 адам және немқұрайлылық (F факторы) – 5 адам.

Ә) Дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын әйел адамдар бойынша интерпретация:

Сауалнаманың нәтижесіне қарай, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы 15 әйелдің тұлғалық ерекшеліктерінде жоғары деңгейдегі факторлар: күмәнданушылық (L факторы) – 13 адам, арманшылдық (мечтательность) (M факторы) – 12 адам, мазасыздық (O факторы) – 12 адам және эмоционалдылық (Q4 факторы) – 12 адам көрсеткіштерін көрсетті.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен факторлар: өзін-өзі дамыту, өзіндік тәртіп (самодисциплина) (Q3 факторы) – 2 адам, дербестік (самостоятельность) (Q2 факторы) – 3 адам, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе білу қабілеті (H факторы) – 4 адам, интеллектуалдылық (B факторы) – 4 адам, доминанттылық (E факторы) – 5 адам және жаңашылдықты қабылдау қабілеті (Q1 факторы) – 5 адам.

Салыстыра келе, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын ер адамдар әйелдерге қарағанда

доминант, яғни басқару және билік басым, ал әйелдер ерлерге қарағанда арманшыл келетінін көруге болады.

Жалпы, ерлердің де, әйелдердің де тұлғалық ерекшеліктерінен күмәнданушылық, мазасыздық және эмоционалдылық қасиеттерінің басым екені анықталды. Қалған тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес қысым (Q4 факторы) жағдайы қалыпты деңгейлік көрсеткішті көрсетті.

№ 2 тест. Л.Н. Собчик бойынша «Индивидуалды типологиялық сауалнама»

Л.Н. Собчик бойынша «Индивидуалды типологиялық сауалнама» (ИТС) 91 сұрақ, 8 түрлі шкаладан (олар: экстраверт, интроверт, көшбасшылық қабілет, сензитивтілік, агрессия, мазасыздық, ригидтілік және лабильділік, яғни эмоцияның ауыспалылығы) құралған. Бұл сауалнаманың ерекшелігі «шынайылық» деңгейін бағалау қарастырылған. Яғни адамның қаншалықты деңгейде шын немесе жалған жауап бергенін де анықтауға болады. Сауалнама арқылы адамның мінез-құлқының ерекшеліктерін, сонымен қатар бейімделе алмай (дезадаптация) мен қосымша акцентуациялық белгілерді анықтауға болады.

ИТС сауалнамасына қатысқан 32 респонденттің интерпретациясы гендерлік ерекшеліктеріне қарай бөлініп, салыстырмалы түрде талдау жасалынды.

А) Дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын ер адамдар бойынша интерпретация:

Сауалнаманың нәтижесіне қарай, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы 17 ер адамның тұлғалық ерекшеліктерінде жоғары деңгейлік көрсеткішті көрсеткен қасиеттер:

1. Көшбасшылық қабілеті (спонтанность) – 13 адам;
2. Агрессия – 12 адам;
3. Лабильділік (эмоцияның ауыспалылығы) – 11 адам.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша ер адамдарда ең төмен деңгейді көрсеткен тұлғалық қасиет ол сензитивтілік – 4 адам.

Ә) Дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын әйел адамдар бойынша интерпретация:

Сауалнаманың нәтижесіне қарай, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы 15 әйелдің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес ең жоғары деңгейлік көрсеткішті көрсеткен қасиеттер:

1. Мазасыздық – 12 адам;
2. Лабильділік (көңіл-күйдің ауыспалылығы) – 11 адам;
3. Интроверт – 10 адам.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша әйелдерде ең төмен деңгейді көрсеткен тұлғалық қасиет ол экстраверсия – 5 адам және көшбасшылық қабілет – 6 адамды құрады.

Салыстыра келе, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанатын ер адамдар әйелдерге қарағанда көшбасшылық қабілеті мен агрессиялық деңгейі жоғары болса, әйелдерде мазасыздық деңгейі мен интроверсия жоғары деңгейді көрсетті. Ал, лабильділік яғни көңіл-күйдің ауыспалылығы ерлер мен әйелдерге де ортақ жоғары деңгейді құрады.

Екі сауалнаманың нәтижесін қорытындылай келе, дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы (салафизм) ер адамдар доминант болып келеді, яғни әйелдердің басқа діни бағытқа кіруіне де әсерін тигізуді

мүмкін. Себебі, әйелдердің өзін-өзі бағалау деңгейлері төмен және интроверсия жоғары көрсеткішті көрсетті. Олар көбінесе бағынышты типке жатады, яғни ер адамдарға (күйеуі, әкесі, ағасы және т.б.) тәуелді болудың нәтижесінде дәстүрлі емес ислам бағытына бет бұрады. Дәстүрлі емес ислам бағытын (салафизм) барлық ұстанушыларының тұлғалық ерекшеліктеріне бірдей психологиялық талдау жасардан бұрын олардың діни деңгейлеріне де көңіл бөлген жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Деструктивті діни ұйымдардың таралуы және олардың қоғамға тигізіп жатқан кері әсерлері діни экстремизм мен терроризм мәселесі күннен күнге күшейіп барады және оларды оңалту жұмыстарының тиімділігін біршама жақсартуды қажет етеді. Осыған орай, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу және олардың оңалту жұмысын жүйелендіру қажет. Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендер мен ұстанушыларды оңалту жұмысын жүйелендіру мен дискурсын өзгертуде ең тиімді әдістердің бірі ДДА ұстанушыларын қоғамға психологиялық бейімдеу және әлеуметтендіру болып табылады. Дін мамандары мен психологтардың ДДА ұстанушыларымен индивидуалды жұмысының эффективтілігі оны әлеуметтендірумен тығыз байланысты. Олардың қоғамға психологиялық бейімделуі үшін психологиялық тренингтерді күшейтумен қатар, зайырлы қоғамдық іс-шараларға көбірек қатысуына ықпал жасау қажет. Қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуына ықпал жасалуы тұлғаның әлеуметтену процесі үшін де тиімді болып табылады. Қазіргі таңда оларды әлеуметтендіру және психологиялық бейімдеу жұмыстарын Дін орталықтары қолға алып, жүзеге асыруда. Мысалы, «Астана қаласы әкімдігінің Дін мәселелерін зерттеу орталығы» соңғы жылдары аталмыш іс-шараларды белсенді жүргізуде. Атап айтатын болсақ, қайыршылық жәрмеңкелері мен акциялары: «Астана – мейірімді қала», «Мектепке жол» және т.б., сонымен қатар, жұмыссыз әйелдердің жеке кәсібін ашып, кәсіби қабілеттерін арттыру мақсатында тігін машиналарымен қамтамасыз етумен қатар, тегін тіл, тоқыма және кондитерлік курстарын жиі өткізеді.

Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендер мен ұстанушыларды оңалту жұмысын жүйелендірудің тағы да бір тиімді әдісі – кешенді мамандардан құралған кешенді оңалту. Оларды оңалту барысында міндетті тек психологтар мен теологтарға жүктемей, жеке бас мәселелеріне көңіл аударған жөн. Мысалы, кейбір деструктивті діни ағымды ұстанушылары табиғатынан тәуелді (зависимый) тұлға немесе тәуелдіге тәуелді (созависимый) болып келеді, кейбір ұстанушыларда күйзелістің жоғары формалары және психикалық ауытқулар кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда, психотерапевт және психиатр мамандарын да кешенді жұмысқа қосуды қажет етеді.

Г. МЫРЗАҚҰЛОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы дін мәселелері бойынша зерттеу орталығының психолог-маманы

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМ ҚҰРБАНДАРЫН ОҢАЛТУ



» Деструктивті діни ағымдар өздерінің мақсат-мүдделеріне қол жеткізу үшін тиімді әдіс-тәсілдерін барынша пайдаланады. Жылына қанша мыңдаған адамдар деструктивті діни ағымдардың құрбандарына айналады. Мәселен, Ұлыбритания зерттеу орталығының талдау мәліметі бойынша Сирия мен Ирак жеріндегі дінмен байланыстырылған соғысқа әлемнің 80 елінен 41 490 адам қосылып, құрбандыққа ұшыраған. Құрбандар спекуляция арқылы құрылған идеологияға елігіп, алданумен тұзаққа түсіп жатады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің «Терроризмге қарсы орталығының» әзірлеген сөздігінде келтірілгендей, арбау - материалдық сыйақы берумен кез-келген жұмыс, қызмет көрсету және т.б. тәсілдер арқылы заңға қайшы келумен жалдау арқылы адам іздеу, тарту және іріктеу жүргізу болып табылады. Осындай арбалудың салдарынан қаншама адам агрессиялық мінез-құлыққа ие болып, діни радикализацияға ұшырайды.

Діни радикализациядан жапа шеккендерге қатысты өзекті мәселенің бірі олардың көзқарастарын бейімдеу мен оңалту. Діни бағыттағы оңалту жұмысы - туындаған діни проблеманы максималды мүмкіншіліктер арқылы қалпына келтіру. Сондай-ақ, теологиялық, психологиялық тұрғыдан әсер беру арқылы адамды қалыпты жағдайға жеткізу формасы болып табылады. Діни фанатизм, діни радикалды діни ағымдарға түскендердің жағдайы (кейде оңалту процесі кезінде де) қылмысқа бару ықтималдығы 50/50 болып тұрады. Оңалту жұмысын тиімді жүзеге асыру арқылы қауіпсіздікке жол ашылады.

Түрік ғалымы, профессор У.Гүнай «Діндарлықтың әлеуметтік психологиясы» атты ғылыми еңбегінде «Қоғамдағы әр нәрсе уақыт өтумен өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгеріске қарсы шыққандар өмірлерін қиындыққа қалдыруда» деп әсіредіңшілдіктің сипаты туралы ой білдіреді. Осылайша құрбандар қоғамда орын алатын жаңашылдықты қабылдауға қарсы келеді. Саналарында догматтарды берік

ұстанумен өзгеру сипатына бой алдырмайды. Демагогияның нәтижесінде қоғамда диссиденттер пайда болады.

Деструктивті діни ағымдардың құрбаны болғандарды оңалту жұмыстары әдістемелік бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Деструктивті діни бағыттың құрбаны болған жапа шегушілерді субъективті тұрғыда екі санатқа бөліп қарастыруға болады:

1. Радикалды діни идеологияға ішінара (толық емес) байланыс құрушылар.

2. Радикалды діни идеологияға жан-дүниесімен (толық) байланыс құрушылар.

Салыстырмалы түрде қарағанда екінші санаттағы субъектілерден бірінші санаттағы субъектілерді оңалту процесі жеңіл келеді. Өйткені, бірінші санаттағылар деструктивті діни идеологияның қағидаларын толық санасына сіңірмеуімен байланысты. Ақпараттың толық сіңірілмеуі субъектінің саналы тұрғыда бас тартуынан емес, керісінше уақытты қолжетімсіздіктің салдарынан. Мәселен, радикалды идеологияны жаңадан, жақын уақыттан бастап сіңіре бастауын айтуға болады. Санасына агрессиялық түсінік толық орнай қоймаған тұлғаларды бейімдеу жұмыстары неғұрлым қолайлы келеді. Олармен жұмыс жасаушы теолог мамандар діни принциптерді дәлелді дәйектермен қоса, ғылыми тұрғыда түсіндірумен қысқа уақытта оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ал сәйкесінше, екінші санаттағы субъектілерді яғни деструктивті діни ақпараттарды санасына толық сіңіре білгендермен оңалту жұмыстары ұзақ, әрі кедергілі өткеріледі. Өйткені, радикалды идеология ойлау жүйесіне әсер етумен қатар күнделікті әрекетіне дейін көрініс беруімен ерекшеленеді. Олар өз-

дерінің барлық болмысын қатаң қағидамен ғана шектейді. Бұл өз кезегінде бейімдеу, оңалту процесіне кедергі келтіреді. Тиімді қалыптастырылған әдістеме бойынша байланыс жасалмаса, субъектінің одан бетер радикалдануына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл санаттағыларға оң нәтиже қалыптастыруда маманның біліктілік шеберлігі аса қажет.

Радикалды діни идеологияны ұстанушылармен оңалту жұмыстары барысында ескерілетін негізгі алғышарттар:

- «Дипломатиялық» қатынас. Радикалды діни бағытты мойындаушы тұлғамен оңалту жұмыстары барысында маман «дипломатиялық» қатынас деңгейін ұстануы қажет. Бұдан бөлек тараппен қорқыту, үркіту және дөрекілік таныту мәселені керісінше одан бетер күрделендіреді.

- **Тиімді әсер ету.** Ұқыптылық, сенімділік, дипломатия, әдептілік, ізгі ниетпен қарсы тараппен қатынас орнату. Жеке тұлғаны сендіруге, оңалтуға ықпал ететін бұл қатынас көбіне оң нәтиже береді.

- **Талдау.** Радикализацияның белгілі зерттеу объектісі мен субъектісіне талдау жүргізу арқылы сипаттама беретін қорытынды жасау. Әр түрлі деңгейліктегі діни әсерлерді талдап, анықтап ұсыну. Бұл оңалту жұмысының ең өзекті бағыты болып табылады. Аталған талдау дұрыс жасалмаса, нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу мүмкіндігі де болмайды.

Діни оңалту бағытындағы маман:

Деструктивті діни ағымдардың құрбандарымен тікелей оңалту бағытында жұмыс жасайтын мамандардың бірі – теолог. Оңалту процесінің басым көпшілігінде нәтижелі көрсеткіш теологтың біліктілігі мен

біліміне байланысты. Оңалту жұмысында білікті теологты тарту арқылы:

- Нақты субъектілерге талдау жұмыстарын жүргізуге;

- Қарсы тараппен жоғары, тиімді және сенімді байланыс орнатуға;

- Қарсы тараптың мемлекетке деген аттракциясын, сенімін қалыптастыру және беделін көтеруге;

- Қауіп-қатері болуы ықтимал себептерді уақытты анықтауға;

- Оңалту жұмысына кететін уақытты қысқартуға;

- Жеке санада сенімді түрде, күмәнсіз ақпараттың орын алуына;

- Оңалту процесіне кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Деструктивті діни идеологияларға құрбан болғандарды оңалту жұмысы Қазақстанда белгілі деңгейде өткеріліп жатыр. Соңғы жылдың ішінде оңалту процесіндегі ең ауқымды ретінде «Жусан» операциясы арқылы елге оралғандарды қоғамға қайта бейімдеу жұмыстарын айтуға болады. Бұл гуманитарлы операция арқылы Қазақстандағы діни радикализациядан арылту, діни оңалту жұмыстарын кешенді жүргізу тәжірибесін бұрынғыдан да жоғары деңгейге жеткізуде. Демек, ашық күрделі мәселемен бетпе-бет келу арқылы, теологиялық оңалту саласын одан ары дамытып, жүйелендіруге.

ТМД мемлекеттері аумағы бойынша салыстырмалы түрде қарағанда Қазақстанның нақты нүктелі жұмыстары бойынша кең ауқымды түсіндіру жұмыстарымен алда екені аңғарылады. Сонымен қатар, көп мемлекеттерде деструктивті діни ағым жақтаушыларына қатысты қатаң құқықтық тұрғыда баға беру (қатаң заңмен айыптау) арқылы жүргізіледі. Ал Қазақстанда бұл жағдай көбінесе гуманистік принциптерді ескерумен ерекшеленуде. Мұндай принциптерді ескеру - тұлғаның адамдық қадір-қасиетін, бақытты өмір сүруін, құштарлық пен талпынысын ояту және даралығы мен дамуын қолдау болып табылады. Бұл қатынас сайып келгенде адам өміріне құрметпен қарауды көрсетеді.

Діни радикализацияға ұшырағандардың барлығы дерлік өздерінің ұстанған бағытын дұрыс санаумен, қалғандарының барлығын адасушылыққа деп кінәлайды. Соның салдарынан, өзін өзгеден артық санаумен қоғамға, адамзатқа деген жеккөрушілік сезімі пайда болады. Шетелдегі діни қарулы-қақтығысқа барып, кейін қолға түскен Ж.Сағынтай теологтардың ұзақ оңалту жұмысынан кейін: «Өмірдегі ең қауіпті нәрсе – діни мәселеде адам өзінің дұрыс емес ісін дұрыс, тура деп есептеуі» деген пікір білдіреді.

Қорыта келе, діни радикалды санадан арылту жағдайы қоғам үшін маңызды. Тәуекелділікке барумен үміт пен үрей араласқан жағдайы сезіне отыра тұлғаны бейтараптандыру ісі маңызды болып отыр. Теологиялық оңалту процесіне жұмылдырылған күшті біріктіру арқылы еңсеру жағдайына қол жеткізіледі. Мемлекет үшін қауіпке түскен әр азаматтың одан шығатын жолын табуына ықпал етіп, көмектесу басты құндылық.

Жәндәулет СҮЛЕЙМЕНОВ,
теолог

» Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз әр түрлі салаларда көптеген мәселелерге тап болды. Соның бірі болып діни сауаттылық мәселесі орын алды. Ол үшін қазақстандық жастар шетелге оқуға кетуге мәжбүр болатын, әсіресе Қиыр Шығыс елдеріне. Оларға тегін оқу мен жататын жерді ғана емес, сонымен қатар жоғарғы деңгейлі білімді беруге уәде берген.

ҚАЗАҚСТАНДА ДІН САЛАСЫНДА МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Бірақ тегін деген сөз, жақсы дегенді білдірмейді. Осы тегін діни оқу орындарының көпшілігі дәстүрлі емес діни ағымдарға демеушілік көрсетеді. Шектеулі дүниетанымдары мен заманауи зайырлы білімдерінің болмауы, оларды қазіргі қоғамда тұрақсыздандырушы фактор етіп отыр. Осы барлық себептерге байланысты, олар «жедел құтқару» уәдесі болатын неше түрлі діни-романтикалық көріністерге ұшырауы мүмкін.

Олардың оқу бағдарламаларының тар шеңбері, оқушылардың рухани, моральдық, әлеуметтік және мәдени білімі, атап айтқанда негізгі зайырлы құндылықтарды, заңның үстемдігін, жеке тұлғаның еркіндігін, өзара құрмет пен төзімділікті түсіну жеткіліксіз дамыған.

Осындай жерде білім алу қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін. Осыған байланысты бұны талапкерлерге ғана емес, олардың ата-аналарына да жеткізу керек. Сондықтан да, оларға діни білім беру Отанда да қолжетімді екенін түсіндіру қажет.

Ол үшін Қазақстан Республикасында барлық жағдайлар жасалған. Христиан бағытындағы рухани семинарлар да бар. 2001 жылдан бастап ислам мәдениетінің «Нұр-Мұбарак» Египет университеті жұмыс істейді. Бұл оқу орнында кітапхана, заманауи аудиториялар, компьютерлік және лингафон кабинеттері бар. Ол жерде қазақстандық педагогтар, сондай-ақ Египет ғалымдары, жоғары білікті исламтанушылар мен араб тілінің филологтары сабақ береді. Олардың көпшілігінде ғылыми дәрежелері бар. Яғни, біз көріп отырғандай, шетелге шықпай-ақ елімізде теологиялық білім алуға болады.

Сонымен қатар, шет елдің діни білімі, біздің елге деструктивті идеялар мен түсініктерді, соның ішінде діни идеяларды алып келу қаупін тудырады. Бұл қоғам өмірінің бірқатар азаматтық, әлеуметтік-экономикалық және моральдық-этикалық аспектілері бойынша діни ортадағы идеялық жанжалдарға, теріс қоғамдық резонанстың пайда болуы мен дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан еліміздің мемлекеттік органдары бүгінгі күні қазақстандықтарды түрлі даулы жағдайларға түсуден және шет мемлекеттердегі бөтен діни-идеологиялық ықпалдардан қорғау бойынша түрлі қадамдар жасауда.

М.ҚАЙДАР,
философия кафедрасының докторанты



НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №513/68-VI

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара қарым-қатынас жөнінде консультативтік кеңестің құрамы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

